

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

ҚАСТАНДЫҚ ҚАСИРЕТІ

5-бет

7-бет

АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

8-бет



ІСПЕН ҚАБЫСПАҒАН СӨЗ ҚҰНСЫЗ

Халық арасында показуха атанып кеткен көзбояушылық пен сөзі бір басқа, өзі бір басқа болып жүру індеті қоғамның аллергиясына айналғанмен кейбір саясаткерлердің бойы мен ойынан шығар емес. Теледидарда айтқанына өмірдегі әрекеті қарама-қайшы келіп жататындардың қатары әлі де қалың. Дегенмен «сөзі ұлым бір төбе, Ертістігім бір төбе» дегендей әр аймақтан шыққан шыншыл, халықшыл азаматтар да жоқ емес. Бірақ, осы сеніп жүрген серкеңнің екі стандарттық әрекетін көргенде көңілің жасып-ақ қалады екен.

Мамыр айының соңғы күні бір таңысымнан «Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы кездесу жасайды екен» деген сөзді естігенде қайран қалғаным шын. Себебі Жезқазған аймағының бас газетін басқарып отырып бұл ақпаратты естімегенім және рас. Берік сынды демократия құндылықтарын жалауындай желбіретуімен бедел жинап жүрген саясаткердің әлдебір депутаттардың ескі тәсілімен жасырынғанға бергісіз жабық жиналыс жасағалы жатқаны оғаш көрінді. «Жасырынбаса ең болмаса БАҚ өкілдерін шақырмаса па еді?», – деп ойлаймын ғой баяғы. Сенер-сенбесімді білмеген соң не де болса айтылып тұрған «Аманат» партиясы филиалының ғимаратына барып көрейін деп шешпеймін бе. Келсем дөңгелек үстелді айнала жайғасқан алты адамның ортасында мәжілісмен Берік Әбдіғалиұлы референдумның маңыздылығы жайлы сөзін бастап та кеткен екен. Амандаса сала отыра қалдым. Басқасы басқа Бекең Ата Заңымызға енгелі отырған өзгерістер ту-

ралы өзгеше бір сараптама жасайтын шығар дегуе толық негіз бар ғой енді. Өкінішке орай ештеңе алған да, қосқан да жоқ. Сол күнделікті айтылып жатқанның аясында айналсоқтады да отырды. Сонда деймін-ау, билік пен халықтың ортасына алтын көпір болуға тиісті осындай атпал азаматтарымыз көзбояушылықпен, сөзбояушылықпен айналысса, Жаңа Қазақстан қалай құрылмақ?

Кездесудің соңына таман өзіне де айттым осы ойымды. «Ел үмітін арқаулап жүрген азаматтың бірісіз. Жасырынбақ ойнап жүргеніңізге жол болсын», – деп. Сонда қызарқтап отырып айтқаны: «Ана бір жолы халықпен кездескем». Кездесудің тақырыбын тастай салып жеке басының шаруасын айтып кетті көбі. «Содан соң бұл жолы Қоғамдық кеңес өкілдерімен кездесейін деп шешіп едім» болды. Мәселесін айтады деп халықтан қашқанда сол мәселе неге туындап отыр деп үніле зерттеу керек емес пе депутат кісінің. Және бір сұрақ қойдым. «Жезқазған-Ұлытау ай-



мағы арқылы Парламентке бардыңыз. Кеше екі облыс бөлінген кезде жол берілген қиянатты көріп, естіп отырып неге шидің басын да сындырмадыңыз?» – деп. «Үкіметтік комиссиядан барлық жағдайды біліп отырдым. Бірақ әрекет істеп жатқанымды пиарит еткен жоқпын», – деді. Не ешқандай нәтижесі не ақпараты жоқ ол қандай әрекет болды екен? Ол жағын айтпады. Сөйтті де «Дотацияда отырған аудан, қалаларды қайтесіздер. Одан да шағын облыс тез дамиды ғой» дегенді қосты. 230 мыңға толмайтын халқы бар облыстың қалай тез дамитынын түсіндірмеді бірақ. Жобасы Бекең облысты немесе мемлекетті дамытпайтын халқының санының көптігі деп ойлайтын болса керек...

Осылай болды. Әлі де бола беретін сияқты. Ең болмаса сенгендеріміз сертінде тұрмаса, әрине, бола береді.

Жаңа Қазақстан тезірек орнаса екен.

Әнуар ОМАР.

ҮКІМЕТТІҢ ҚҰЛАҒЫ ЕСТИ БАСТАДЫ

Еліміздің экономикасында ауыл шаруашылығының алатын орны ерекше. Себебі бұл сала мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қоса ауылдықтар үшін жұмыс орыны әрі бірден-бір табыс көзі болып отыр. Солай бола тұра агромеркантильдік кешенге тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келгені өмір шындығы. Салаға бөлінетін ақша едәуір болғанымен қаражаттың ұсақ және орта шаруаларға жетпей ірі агрохолдингтердің қалтасын қампайтып келгені де белгілі. Отыз жылда он екі министрдің ойын алаңы болған ауыл шаруашылығы жүйелі, өркениетті даму жолына түсе алмады. Бұған агрошенеуіктердің қағаз жүзіндегі ғана белсенділігі мен шаруалардың уақыт талабына бейімделе алмаған шабандығы да кінәлі дегуе әбден болатын сияқты. Дегенмен, соңғы жылдары шаруалардың белсенділігі мен сауаттылығы артып келеді. Оны түрлі мүдделік одақтардың құрылып, белсенді азаматтардың басшылығымен жұмыс істей бастағаны және салаға жауапты лауазым иелеріне нақты талаптар қоя бастағанынан көріп отырмыз. Талап ету деңгейлері кейде бейбіт митингше шығуға дейін жеткен шаруалардың үні ең жоғарғы билік иелеріне жете бастаған сыңайлы. Жақында «Шопан ата» агроқозғалысының төрағасы Алмасбек Садырбаев шаруалардың II республикалық құрылтайы өтетінін жариялаған еді. Артынына құрылтайға дейін фермерлердің бірнеше өкілі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.Смайыловтың қабылдайтыны белгілі болды. Осы кездесуге аймағмыздан барған «А. Мулаков» шаруа қожалығының жетекшісі Абзалбек МУЛАКОВПЕН кездесіп сұхбаттасқан едік.

►► 3-бетте

ЕЛІМ ДЕГЕН ЕРЛЕР ЕСІМІЗДЕН ШЫҚПАЙДЫ



Кеңес кезеңіндегі солақай саясат салдарынан 1928 жылдың ортасынан бастап Алаш қозғалысына қатысқан зиялылар жаппай қудаланып, ұсталып, түрмеге тоғытыла бастады. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген жазалған айып тағылды. Сол жылы 44 алашордашы тұтқындалып, оның ішінде Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, Д. Әдішев ату жазасына кесілді. Ал қалғандары түрмеге қамалады.

Ұлттық зиялылардың екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і орталық Ресейге жер аударылды. 1936-1938 жылдары Қазақстанда 25833 адам партиядан шығарылып, олардың 8544-іне «халық жаулары» немесе «халық жауларының сыбайластары» сынды нақты айғақсыз түрлі негізсіз айыптар тағылып отырды. Танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз қудалау көрді. Соңғы зерттеулер бойынша 1931 жылдан бастап 1954 жылдың 1 ақпанына дейінгі кезеңде КСРО-да соттан тыс және сот органдары 3 млн 777 мың адамды ату жазасына соттап, оның 643 мыңына үкім орындалса, ал 2 млн 369 мыңын 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге қамап, лагерлерге айдаған. Жалған айып тағылғандардың қатарына 1931-1933 жылдардағы қазақтардың жаппай қырылуына байланысты ашық наразылық білдіріп, Қазақстан халқының мүдделерін қорғағандардың барлығының тағдыры оқ ұшына байланды.

Қазақ ұлтына жасалған қастандық халықтың қаймағына айналған ұлт зи-

ялыларының көзін жоюмен шектелмеді. 1930-1933 жылдар аралығындағы аштықтың зардабы тым ауыр болды. Мал шаруашылығына тәуелді халық негізгі азық көзінен айрылып, қаңғып кетті. Адамдар жыбырлаған жәндіктен бөлек бір-бірінің, туыстары мен балаларының етін жеуге дейінгі сұмдықты бастан өткерді. Осынау үш жыл ішінде 1,8 миллионнан астам қазақ жер жастанғанын шетелдік ғалымдар да дәлелді түрде мойындап отыр.

Қазақ халқының азаттықта күн кешіп, тәуелсіз ғұмыр сүруі үшін жанын пиде еткен батыр бабаларымыздың рухына мын тағзым. Олардың ерен ерлігі, қара басының қамын күйттемей, тұтас ұлттың болашағы үшін жанын да құрбан еткен ұлы істері ешқашан да тарих беттерінен алынып, ұрпақ есінен өшпесі анық.

31 мамыр күні Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсәттаров пен мәслихат депутаттары да Кенгір жағасындағы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке барып, гүл шоқтарын қойды. Марқұмдар рухына құран бағышталды.

Ақнұс ТАҒЫБЕРГЕН

БҰЛ КОМИССИЯ БАСҚАЛАРДАН ӨЗГЕРЕК

Газетіміздің өткен нөмірінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Арман Қожасметовтың облысымызға ведомствонаралық комиссияның жұмыс тобы келгені туралы хабарын сүйіншілеген болатынбыз. Ұзын-ығасы бес министрліктен іріктеліп, 16 адамнан құрылған комиссия келді. Не бітірді, міндеті қандай? Құрылып, келіп-кетіп жатқан көп комиссияның бірі ме, әлде нақты нәтижеге жұмыс істей ме? Олай дейтініміз, әсіресе, соңғы жылдары аймақта ауру түрлерінің көбейгені, оның ішінде онкоаурулардың белең алғаны алаңдатарлық мәселе болып отыр. Аталмыш комиссия мүшелерінің қатарында біздің аймақтан Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, Жезқазған қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы Ерболат Сатыбалдин, қоғам өкілі Светлана Оңғарбаева бар.



Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Ерболат Сатыбалдиннің айтуынша, жұмыс тобының құрамы сынамаалар жасайтын санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, экологиялық реттеу және бақылау комитеттерінен, «Казгидромет» РМК, «Инфракос» РМК іріктелген. Әрқайсысы тиісті сынамааларын алды, өздерінің зертханаларын жіті зерттеу жүргізіп, маусым айының ортасына дейін нәтижелері шығуы тиіс. Егер ғылыми зерттеу нәтижелерінен зардап салдары анықталатын болса, Байқоңыр ғарыш айлағын жа-

буға күш салынатын болады. Ол іске аспаған жағдайда, біздің аймақты экологиялық апат аймағы деп тану, оның аясында жасалатын жеңілдіктерге қол жеткізу сынды бірқатар кешенді шараларды іске асыру көзделуде. Бұл ретте онкологиялық аурулардың өсу алгоритмі түзіледі, яғни, кешенді түрде бәрі зерделенетін болады. Ұлытау облысы құрылмай тұрып, біздің қалада 50 адамдық онкологиялық орталық жабдықтау мәселесі де көтерілген-тін. Болашақта бұл мәселені де жетілдіру жоспарда бар. Себебі, қазір екінің бірі

тексеріліп, нақты қорытындысын алу үшін Қарағандыға сабылып жүргені жасырын емес. Бұл – ведомствонаралық комиссияның көздеген шараларының бірен-сараны. Нақты іске асырылатын жұмыстар сынама қорытындысына байланысты. Егер ешқандай зардабы жоқ деп қорытынды шығарылған жағдайда комиссия мүшелері тәуелсіз сарапшыларға жүгінуге мүдделі екендіктерін де жасырмады. Ведомствонаралық комиссия келесі жылдың аяғына дейін жұмыс істейтін болады. Осы уақыт аралығында комиссия жоспарлы жұмысты жүйелі әрі нәтижелі жүргізуге ниетті.

Айта кетейік, мамандардың негізгі тобы маусым айының аяғына қарай Жезқазғанға келмек. Дәрігерлер мен экологтар ғарыштық зымжандардың сатылары құлаған аумақтарды аралап, адам денсаулығына әсер ететін өндірістік нысандарды да зерттейтін болады. Соған байланысты аймақ тұрғындары да көкейіндегі сауалдарын қойып, белсенділік танытса құба-құп болары сөзсіз.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.



АҚПАРАТ АРНАСЫ

БИДАЙ ҚҰНЫ ӨССЕ ДЕ,
НАН БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ БОЛАДЫ, –
МИНИСТР

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев елімізде нан бағасының өспейтінін мәлімдеді. Бұл туралы ол Үкіметте өткен брифингте айтты, – деп хабарлайды «Адырна» тілшісі.

«Бидай құны өссе де, нан бағасы тұрақты болады. Өйткені азық-түлік келісімшарты корпорациясы бидай қорын құрған болатын. Қазіргі таңда әлеуметтік нан үшін өңірлерге арзандатылған астық жеткізіліп жатыр. Баға тұрақты болады, оның өсуіне ешқандай негіз жоқ», – деп түсіндірді министр.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҚОРЫ
МҰҚТАЖ АБИТУРИЕНТТЕРГЕ
ГРАНТ БӨЛЕДІ

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мұқтаж абитуриенттерге арнап 85 жоғары оқу орнына үш-үштен грант бөледі, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бізге оқу орнына білім ақысын өтеу қиындығына тап болған 1,5 мың жас пен студенттен өтінім түсті. Оларға қалай көмектесуге болатынын ойластырып, шешім қабылдадық. Қамқоршылар кеңесі ол бағдарламаны мақұлдады. Оқу ақысын төлеу қиындығына тап келген, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан, ауыл мектептерін бітірген абитуриенттерге грант бөлу бағдарламасы бекітілгенін айтып отырмын. Бұл қатарға қаржылық жағдайы қиын жастардан бөлек жетім балалар мен мүгедектігі бар балалар да қосылады. Яғни, олар да осы гранттан үміттен алады», – деді қордың төрағасы Болат Жәмішев.

Алайда бұл жекелеген абитуриентке емес, жоғары оқу орындарына беріледі. «Білім және ғылым министрлігінің грант бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін жоғары оқу орындарының әрқайсысына осындай сипаттағы үш гранттан үлестіріледі. Грантка түсу үшін абитуриент оған мемлекеттік грант алуға жеткілікті балл жинауы керек. Бірақ мемлекеттік грант алғысы келетіндер көп болғандықтан, жоғарыда аталған талаптарға сай келетін түлектер мемлекеттік грант иеленуге құқылы болады», – деді қор төрағасы.

Қоғамдық қордың баспасөз қызметінің түсіндіруінше, бұл жерде ҰБТ нәтижесі бойынша грантка 1-2 балл жетпей қалған немесе ҰБТ-дан алған балы жетіп тұрса да аттестаттағы баға көрсеткіштері грант алуына мүмкіндік бермейтін балалар әр жоғары оқу орнына бөлінетін 3 гранттың бірінен үміттен алады. Ол үшін абитуриент аз қамтылған отбасының мүшесі немесе жетім бала, мүгедектігі бар бала болуы шарт.

«85 жоғары оқу орнына бакалавриат бағдарламасының 3 грантынан келеді. Одан бөлек аталған мұқтаждық санатына жататын студенттерге 100 шәкіртақы тағайындадық. Бірақ ол үміткерлерді осы салада жұмыс істеп жүрген, студенттерге таныс қайырымдылық қорлары іріктейді.

Бұл бағдарлама бойынша биылғы бюджетке 378 млн теңге бөлінді. Бұл сома жыл сайын өсіп отырады», – деді қоғамдық қордың басшысы.

Аталған брифингте Қазақстан халқына қоры құрылтайшыларының өкілеті қысқарғаны мәлім болды.

ЕЛІМІЗДЕ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ САНЫ
1 МҰҢ АДАМҒА АРТТЫ

Елімізде жас ғалымдардың саны 1 мың адамға артты. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Жалпы, соңғы 3 жылда ғылымды мемлекеттік қаржыландыру 70 пайызға артты. Ұлттық ғылыми кеңестердің жұмыс форматы өзгертілді. Олардың құрамы ғалымдардың объективті ғылыми өлшемдері негізінде 85 пайызға жаңартылды. Кеңестердің отырысы онлайн режимде өтеді, олардың шешімдерін апелляцияға беру институты енгізілді», – деді ҚР Президенті Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдығына арналған салтанатты сессияда сөйлеген сөзінде.

Мемлекет басшысының атап өтуінше, жас ғалымдарды кешенді қолдау күшейтілді. Докторант бағдарламасы бойынша білім алу үшін гранттар саны кезең-кезеңімен артып келеді, докторанттардың шәкіртақысы ұлғайды. Постдокторанттарға арнаулы шәкіртақы енгізілді.

«Қорытындысында елдегі жас ғалымдардың аясы соңғы 2 жылдың ішінде 1 мыңнан астам адамға кеңейді. Әлемдік ғылыми орталықтарда ғалымдардың біліктілігін арттыру мақсатында тағлымдамадан өтуге гранттар бөлінеді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕНДІ ӘСКЕРИ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР
ЖЕТКІЛІКТІ ШЕГІНЕ ҚАРАМАСТАН
ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ
50 ПАЙЫЗЫН АЛА АЛАДЫ

Енді әскери зейнеткерлер жеткілікті шегіне қарамастан, зейнетақы жинақтарының 50 пайызын ала алады. Мәселен, сарбаздарға қатысты әлеуметтік кодекс әзірленіп жатыр. Тағы бір өзгеріс – енді әскери қызметкерлердің зейнет жасы ұзартылады.

Бұл туралы Қорғаныс министрлігі Зейнетақымен қамсыздандыру орталығының басшысы Қайыржан Бимолдин айтты. Оның сөзінше, 2030 жылға дейінгі тұжырымдамада зейнетақы жүйесін жетілдіру көзделген. Өрі сарбаздарға қатысты әлеуметтік кодекс әзірленіп жатыр. Тағы бір өзгеріс – енді әскери қызметкерлердің зейнет жасы ұзартылады.

Қайыржан Бимолдин, ҚР Қорғаныс министрлігі зейнетақымен қамсыздандыру орталығының басшысы:

Барлық әскери қызметші мемлекеттік бюджет арқылы зейнетақы тағайындау жүйесіне көшті. «Әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға өзгеріс енгізілді. 5 жылға дейін ұзарту нормасы енгізілген. Соған сәйкес зейнет жасы 5 жылға дейін созуға болады.

«Адырна», «ҚазАқпарат», Ұлттық арна сайтынан.

БАҚЫТТЫ БОЛСЫН
БАР БАЛА!

Бала мен бақыт – қашанда егіз ұғымдар. Қазақ халқының түсінігінде ханның өзі баланың бетін қайтармайтын, қолын қақпайтын болған. Жүрегі тым нәзік, жаны жұмсақ, періште пейілді балақандармен өмір мәнді де сәнді, мағыналы, шаңырақ шырайлы һәм берекелі.

«Баланы бес жасқа дейін хан көтер, он жасқа дейін құлша жұмса, одан соң досыңдай сырлас» деген бабалар тәрбиесін бүгінде психологтар да қолдайды. Жантану саласының мамандары балалық шақ кезеңін туғаннан 5 жасқа дейінгі кезең, 5-10 жас аралығы және 15 жасстан кейінгі уақыт деп үш кезеңге бөледі.

Белсенділік, танымдық және өмірге қызығушылық секілді қасиеттер пайда болатын алғашқы кезеңде баламен бала болып, оның түсінігінде қарым-қатынас жасау қажет екен.

Ақыл-парасаты мен логикасы жетілетін екінші кезеңде баланы еркелетуді азайтқан жөн. Керісінше, оның оқуға, жасырын қабілеттерін ашуға деген ынтасын ояту маңызды. Үшінші кезеңде баланы сол кезден бастап тәрбиелеймін деу – бос әурешілік. Бұл кезеңде баланың пікіріне құлақ асып, ақылмен шешім қабылдауға үйрету, бағыт-бағдар беру қажет.



1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында 1 маусым – балалар күні ретінде бекітілді. Сөйтіп алғашқы балалар күні араға бір жыл салып, алғаш рет 1950 жылы өтті. Бүгінде БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырып отыр.

Соңғы 2 жыл көлемінде пандемия салдарынан тоқтап қалған балалар шеруі биыл қайта жалғасты. Алғашқы құрылысшылар алаңынан бастап «Ғарышкерлер» бакжолының ішін көңілді думанға толтырған мерекелік іс-шаралар жезқазғандық балақандарға мол қуаныш сыйлағаны сөзсіз.

Балалар күніндегі концертте оқу озаттарының, ғылыми-жобалар мен олимпиадалар жеңімпаздарының және шығармашыл балалар мен спортшылардың сабы бой түзеді. Биылғы оқу жылында 1439 оқу озаты бар. 21 мектеп бітіруші түлек – «Алтын белгіге» үміткер. 1296 оқушы ғылыми жобалар мен олимпиадалардың жүлдегері атанған. Өнер жолында озық шыққандар саны – 963. Сондай-ақ келешекте байрағымызды көкке көтерер 915 жас спортшы өсіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Жаңа жылдық құттықтауында: «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін», – деген еді. Ия, біздің болашағымыз – балалар екенін ешқашан естен шығармауымыз қажет. Еліміз тыныш, халқымыз аман болса, балалар да бақытты. Мен бүгінгі саптық шеруге қатысушы озат оқушыларды көріп, қуанып тұрмын. Сендер үлкен азамат болып, ата-аналарыңның, ұстаздарыңның және туған елдеріңнің сенімін ақтауларың қажет. Осындай алғыр, ақылды қалыптартып, таңбандар, – деген қала әкімі балаларды мерекемен құттықтады.

Атаулы күнде мерекелік концертпен қатар, спорттық сайыстар, колонер көрмелері ұйымдастырылды. Балалар бақшасының белсенді бұлдіршілеріне ойыншықтар сыйға берілді, балмұздақтар таратылды. Оқу озаттарының саптық шеруіне қатысушы оқушылардың бірі – Инабат Жасұланқызы №3ЖББМ-нде 7-сыныпты тек бестік бағамен аяқтаған ол, барша достарын мерекемен құттықтады.

– Бүгінгі мереке өте керемет өтіп жатыр. Мен бүгін оқу озаты деген лентамды нығызма іліп, зор қуанышпен саптық шеруге қатыстым. Мен ән айтып, би билегенді жақсы көремін. Кез келген іс-шараға белсене қатысамын. Болашақта мектепті үздік аяқтап, білікті маман болғым келеді, – дейді Инабат. Талапты баланың болашағына біз де сәттілік тіледік.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ОСЫ ЖОЛДЫҢ ЖЫРЫ
БІТПЕДІ-АУ!

Айта-айта жауыр болған Жезқазған-Қызылорда күре жолы 2022 жылдан бастап салынады деген сүйінші хабарға ел болып қуанған едік. 420 шақырымды құрайтын жолдың 208 км-і Ұлытау облысына тиесілі. Қызылорда жақ өздеріне тиесілі жол құрылысын салуды бастап кетті. Мұндай «бақыт» Жезқазған жартына әлі бұйырмай тұр. Себебі былтыр Қарағанды облысы тарапынан ұйымдастырылған жол салу конкурсына ешбір мердігер қатыспаған.

Аталмыш мәселе әкімдік ғимаратында қаржыландыруға жауапты Азия Даму банкі және жобаны дайындаушы «Қазавтожол» компаниясы Қарағанды облыстық филиалының мамандарымен бірге талқыланды. Былтыр Қарағанды облысына тиесілі 208 шақырымға жол салу үшін 90 млрд теңгеге конкурстар жарияланған. Өкінішке орай, бұл сомаға жұмыс жүргізуге бірде-бір мердігер келіспеген.

Жиынның басым бөлігі қала әкімі Қайрат Әбсәттаров пен Азия Даму Банкінің транспорттық маманы Йохан Джордженің арасындағы диалог түрінде өрбіді. Қала басшысын толғандырған алғашқы жайт жол сапасы болды. Бетонды-асфальт түрінде салынатын тас жол 3 қабаттан тұрады. Бетон қабаты Шайтантастан әкелінетін болады. Шебенге де ташпылық болмайды. 4 учаскеден тұратын жол бойында 3 көпір мен 5 демалу алаңы орналасады деп жоспарлануда. Бірақ... Бірақ бұл әзірге жоспар қалпында ғана қалып отыр.

Бір жыл ішінде жол салуға қажетті құрылыс материалдары да біршама қымбаттағаны белгілі. Әзірге «Қазавтожол» жаңа жоба әзірлеп оны Азия Даму Банкіне ұсынғанын күтеміз. Соған сай банк тілсіз сомада қаржы бөлу мәселесін көтеретін болады. Жоба мақұлданғанның өзінде жол құрылысы келесі жылдың көктемінде баста-




луы мүмкін. Әзірге бюджеттің бекітілуін күтуден басқа амал жоқ.

– Біз жаңа жоба әзірлейтін боламыз. Жезқазған-Қызылорда жолы 16 жылға дейін жарамды болады деп күтілуде. Кепілдік уақыты – 2 жыл. Әр 5-6 жыл сайын күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп тұрады. Әкім мырзаның ұсынысына сәйкес жол сапасы, қаржының тиімді игерілуі халыққа қолжетімді болады. Біз банкпен бірге халыққа уақытылы есеп беріп отырамыз, – дейді «Қазавтожол» компаниясы Қарағанды

облыстық филиалы басшысының орынбасары Бағдат Садықов.

Айтпақшы аталған жол ақылы болады. Әйтсе де, байланыс жүйесін орнату қарастырылмаған. Жиынға қатысушы тұрғындар 16 жылдық мерзімнің тым аз екенін, ақылы болғанына қарсылық танытпаса да, ұялы байланыс, ғаламтордың қолжетімсіздігіне көңілі толмайтындықтарын білдірді. Бұл бойынша Бағдат Садықов жаңа жобаға аталған ұсыныстарды енгізуге тырысатындықтарын жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



(Соңы. Басы 1-бетте).

– Әбеке, аймақ шаруаларының өкілі ретінде Үкімет басшысының қабылдауында болдыңыз. Бұл сөзсіз біздің фермерлеріміздің және өзіңіздің белсенді позициясыңыздың жемісі деп білеміз. Кездесуде көтерілген мәселелер мен олардың қалай шешілгені туралы айтып берсеңіз.

– Дұрыс айтасыз. Бүгінде Жезқазған-Ұлытау аймағының шаруалары белсенділігі, ұйымшылдығы арқылы республика фермерлеріне үлгі көрсетіп отыр. Талаптарды стихиялы түрде емес «Ұлытау» Ауыл шаруашылығын қолдау және дамыту жөніндегі Қазақстандық Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігіне бірігу арқылы ресми қойып отырғанымыз да өз пайдасын тигізуде. Шаруалардың жан айкайына Үкімет басшысының тікелей құлақ асқаны Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қалыптастыруға барын салып отырған естін мемлекет қағидастың жүзеге аса бастағанын көрсетті. Үкімет ести бастады. Ал, кездесуге келсек басында «бір сағат қана уақыт бөле аламын» деп айтқан Әлихан Асқанұлы мәселелердің күрделі әрі өткір тұрғанын пайымдаған соң жан-жақты айтуымызға кедергі жасамады. Ақырында біз оның екі сағат қырық минут уақытына иелік еттік. Талқыланған мәселелер барлық дерлік аймақтардың басында тұрған қиындықтарын қамтыды.

Бірінші кезекте өткен жылдың 22 желтоқсанында Ауыл шаруашылығы министрі Е.Қарашөкеевтің қатысуымен болған жиналыстың хаттамасындағы 36 тапсырманың орындалу барысы тілге тиек болды. Себебі, жақында Е. Қарашөкеев Премьер-министрге ауыл шаруашылығын дамыту барысы туралы баяндаған болатын. Әдеттегідей министр мырза барлығын орындадық, шешімін таптық деген сынайда есеп берді. Ал шаруалар жиналып өзара талқылаған кезде 36 тапсырманың 5-уі ғана шала-шарпы орындалған болып шықты, яғни, 31 тапсырма бойынша жұмыс атқарылмаған. Әсіресе, ветеринария саласы бойынша қордаланған мәселелер сол қалпы сіресіп жатыр. Бар шештік дегені ветеринарлардың айлығын 10 пайызға көтереміз деген сөздері ғана. Оның өзінде бір ізге түскен шаруа жоқ. Мысалы, енді ашылғалы жатқан Абай облысында айлықты 30 пайызға көтереміз деп ауызша айтылған екен. Енді уәдені орындау мақсатында онсызда жетіспей отырған ветеринарлар санын қысқартпақ көрінеді. Оңтүстік аймақтарда арнаулы базалар бойынша есеп-кисап, статистиканы жүргізіп отырған жас мамандарды қысқартыпты. Нәтижесінде мал емдеуден қолдары босамайтын ветдігерлер орталарынан ақша шығарып, базаны жүргізетін маманды өз қаржыларына ұстап отырған көрінеді. Ал, министр мырза болса Үкімет басшысына «тұрақты қамқорлыққа алғанның арқасында сала дамып, асыл тұқымды мал басы көбейіп келеді» деп баяндап отыр. Жалпы Ербол Қарашөкеев, бұл саладан қашық адам. Осы кезде оны басшылар да,өзі де түсіне бастаған сияқты. Олай болса неге өзі жетік білетін басқа салаға өзі сұранып ауыспаса? Үкімет басшысымен кездесуде бұл туралы да айтылды. Премьер-министрге барар алдында салаға қатысты барлық сұрақтарды қарастырып, сол мәселелер бойынша баяндайтын мамандарды апаруға тырыстық. Ауыл шаруашылығы саласына ғылым жетістіктерін енгізуге байланысты «Қазына» ғылыми білім беру орталығының қызметкері, жас ғалым Ботагөз Құлжанова өз ойын ортаға салды. Оның айтуын-

ша, ғылымға бөлінген ақша едәуір болғанымен оны ұтып алғандардың жұмыстарында оң нәтиже жоқтың қасы. Осыны талап ету, қадағалау әлсіз болып тұрған көрінеді. Екінші бір мәселе елімізде тері өңдеумен айналысып отырған 8 зауытқа байланысты болды. Оларды зауыт деген аттары үшін Индустрия және сауда министрлігіне қаратқан екен. Ал ондағы алып өндірістік компаниялардың жанында бұларға назар аудару қиын екені түсінікті. Осы қиыншылықтан титықтаған олар Үкімет басшысынан өздерін Ауыл шаруашылығы министрлігіне ауыстыруды сұрады және оның көмектесетіні туралы уәдесін естіп қуанысып қалды. Сондай-ақ, еліміздегі элеваторлардың жағдайы да талқыланды. Әншейінде біз «нарықта кебектің бағасы неге

керек? Міне, осы және басқа да өзекті сұрақтар барынша ашық айтылды. Үш сағатқа таяу шаруалардың айтағын мұқият тыңдаған Әлихан Асқанұлы сол жерде министрліктердің өкілдеріне тікелей тапсырмалар беріп, орындау мерзімдерін де белгілеп отырды. Жалпы Үкімет басшысы туралы ақпарат көздері арқылы қалыптасқан пікірім оң өзгеріске ұшырағанын да айта кеткім келеді. Ол ауыл шаруашылығы саласының мәселелерін білетіндігін анық көрсетіп, кейбір сұрақтарда бізді бірден қолдап немесе келіспеген жерлерін де кесіп айтумен болды. Біліктілігі, білімділігіне риза болдым. Оның алдынан шыққан соң шаруалар мәселелерінің оң шешілуіне қарай бағыт алатынына сеніп, серпілісіп қалды. Олары негізсіз де емес сияқты.

Өзбекстан сияқты біз де неге өзіміз кереметті шығармаймыз? Ол үшін керекті қара және түсті металдың түр-түрін өндіріп отырған жоқпыз ба. Кейінгі жылдары қуаншылықтың қайталанып келе беруі де үлкен қауіп төндіре бастады. Бұл мәселенің шешілуінде кемшіліктер көп. Мысалы, бір облыстар жем-шөп дайындауға мал басына шағып, субсидия төлеп отырса, біразында әлі қаржы бөлу мәселесі тиісті деңгейде қолға алынған жоқ. Оның ішінде Қарағанды облысы да бар. Ендігі үмітіміз Ұлытау облысында. Ал, Ақтөбе облысында ірі қара мал басына 35 мың теңгеден бөлініпті. Құрылтайда біз бұл мәселенің республикалық деңгейде, орталықтанған түрде шешілуін сұрадық. Сонда әр аймақта әр түрлі субсидия көлемі белгіленбейтін

ҮКІМЕТТІҢ ҚҰЛАҒЫ ЕСТИ БАСТАДЫ



қымбат?» деп түсінбей жүреміз. Сөйтсек, бидайды экспорттау жүйесіндегі және нарықта реттейтін ережелер мен заңнамалық актілердегі кейбір олқылықтарға байланысты дикандардың да қиындығы аз емес екен. Нәтижесінде еліміздегі 1000-ға тарта элеватордың бүгінгі күні 70 шақтысы ғана жұмыс істеп тұр. Ол аз десеніз кейінгі кезде элеваторларын бұзып алып, Ресейге көшіруге ниеттеніп отырғандар қарасы қалың көрінеді. Сондықтан да бұл мәселені ең жоғарғы деңгейде қолға алып, өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын шешімін таппаса салада жем-шөп дефициті туғалы тұр. Сондай-ақ, жайылымдық және шабындық жердің жеткіліксіздігі де мал басын өсіруге кедергісін келтіреді. Бірақтар облыстарда шабындықты жердің көбі «Орман, тоғай шаруашылығы» мекемелері немесе Ерекше қорғалатын аймақтар қорына кіріп кеткен. Ол жерлерден уақытша пайдалануға жер телімдерін алу заңмен қарастырылған. Бірақ, ондай жерлерге тұрғын-үй, қора-жай салуға, су үшін ұңғыма қазуға рұқсат етілмейді. Оның үстіне әлгі жер телімдері аумағына кіріп тұрған қорықтар кез келген уақытта «өзімізге қажет болып қалды, жерді босатыңдар» дей алады. Сонда шаруа қайда бармақ? Тағы бір өзіміз үшін қызық болып естілген мәселе батыс аймақтарда киіктің салынып күрт көбеюіне байланысты шабындықтар мен жайылымдарды басып бара жатқандығы. Өзі де малына тақ-тұқ етіп әзер жетіп отырған шөпке мындаған киік қиліккен соң не оңсын?! Оларды қуалауға немесе атуға тыйым салынған. Енді қайтпек

Олай дейтінім, құрылтайдан соң мен Жезқазғанға жеткенде Әлихан Асқанұлынан тапсырма алған Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары бастаған арнайы топ жер мәселесі бойынша Батыс өңірлерде жұмыс жасап жүргенін естідім. Мәселенің шешілуіне шұғыл кіріскен деген осы емес пе?!

– *Сенімдеріңіздің ақталуына тілектеспін, Әбеке. Ауыл шаруашылығы – стратегиялық саланың бірі. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған шаруаларға тиісті деңгейде мемлекеттік көмек беру сондықтан да аса маңызды. Менің білуімше, Қазақстан фермерлерінің II құрылтайына да қатысып қайттыңыз емес пе?*

– Иә, «Шопан ата» агроқозғалысының төрағасы Алмасбек Садырбаев, Ақтөбе облысы шаруалар ассоциациясының төрағасы Мәрлен Баймағанбетов сияқты жігіттердің белсене әрекет жасауының арқасында билік пен фермерлер арасындағы қарым-қатынас тиісті арнасына түсіп келеді. Бұл жерде біздің аймақтың фермерлерінің де үлесі аз емес. Республикалық II құрылтайдың өткізілуі қол жеткен жетістіктерді одан да тереңдету түседі деп сенгім келеді. Өйткені, ауыл шаруашылығы саласында шешімін таппай тұрған өткір мәселелер жетіп артылады. Мысалы, ауыл шаруашылығы техникаларын шетелдерден сатып аламыз. Жарайды, анау Америка, Еуропаны айтпай-ақ қояйын, мына өзіміз сияқты Белоруссия, Қырғызстан,

болады. Сонымен қатар, су тапшылығы да көп шаруаларды тығырыққа тіреуде. Сондықтан да ұңғыма қазу мәселесінде жеңілдіктер қарастыру күн тәртібінде үнемі тұруы керек. Құрылтайда менің көтерген мәселенің бірі малдан қан алу және вакцина егу жұмыстары болды. Себебі, осы қан алу және егу жұмыстары жүрдім-бардым жасалып келеді. Тиісті қадағалау мен зерттеу жүргізілмей отыр. Нәтижесінде жыл сайын бір ауру түрлеріне тапсырмалар беріліп, вакциналар алдырылады. Осы вакциналардың көбі қолданылмай қалып қояды. Сонда олар қайда жұмсалуда?! Бір түсінбейтінім, бір ауру түріне бірнеше жыл еккен соң ол жойылды деп саналмай ма. Ондай шешімді кім қабылдауы керек? Мысалы үшін жылқының сақау ауруына вакцина алдырып жатады. Ал біз оны ектіріп те отырған жоқпыз ғой. Міне, осы мәселені жан-жақты зерттеп, керек емес вакцина түрлерін анықтап, оларға жұмсалатын қаржыны жаңағы жем-шөп дайындауға неге бермеске. Мұндай сұрақты басқа мәселелер туралы да қоюға болады.

– *Аймақ фермерлерінің шаруашылықты уақыт талабына сай жүргізуге мамандана бастағаны қуантанды. Осы бағыттан таймай, біліктілігін жетілдіре берсе, талап ету сауаттылығы да артып, жұмыстың алға басатынына күмәнім жоқ. Бұл бір науқандық емес, тұрақты, жүйелі, үнемі жүргізілуі керек жұмыс. Олай болса, жетістіктерге жетулеріңізге тілектеспін, Әбеке.*

Сұхбаттасқан Әнуар ОМАР.

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

● ЖАҢААРҚА АУДАНЫ

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЕСКЕ АЛЫНДЫ

31-мамыр күні аудандық Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхананың алаңында аудан әкімі Юржан Бекқожиннің қатысуымен саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу шарасы өтті.



Іс-шараға аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекемелердің басшылары, еңбек ардагерлері қатысты.

Маңызды шара солақай саясаттың құрбаны, қазақтың асыл ұлдарының бірі – сұңқар ақын жерлесіміз Сәкен Сейфуллиннің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталып, құрбандар-

ды еске алу үшін бір минуттық үнсіздік жарияланды.

Бағдарлама аясында аудан өнерпаздары өткеннің өнегелі өмірін сыр шертіп, халыққа рух беретін патриоттық әндер шырқады.

Сол күні қаралы жиынға қатысушылар қуғын-сүргін құрбандары жерленген зират басына барып, құран бағышталды.

Сәрсенбінің сәтінде аудан басшысы Юржан Бекқожин жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған аудан әкімінің грантын жеңімпаздарына сертификаттарын салтанатты түрде табыстады.

12 ЖАС КӘСІПКЕР ГРАНТ ИЕЛЕНДІ

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жастарға көп көңіл бөлінуде. Бизнеске бет бұрып, шағын болса да өз ісін бастағысы келетіндерге Жаңаарқа ауданында да түрлі қолдаулар көрсетіліп, жастардың дамуына зор мүмкіндіктер жасалуда. Сондай мүмкіндіктердің бірі – жыл сайын берілетін аудан әкімінің гранты.

Дәстүрге айналған ақшалай сый-

ақы аудан жастарына биыл да тағайындалып, ұсынылған 57 жобаның арасынан аудан тұрғындарына ең қажетті деген 12 жоба арнайы құрылған комиссия мүшелерімен тандалып алынды.

Сертификаттарды иелеріне тапсырған аудан әкімі жас кәсіпкерлердің бастамаларын қолдай отырып, жаңа жобаларына мол жеміс тіледі.

Аймақ жаңалықтарымен таныстырған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.



Биыл мемлекеттік рәміздерге 30 жыл толып отыр. Елдігіміздің, Тәуелсіздігіміздің басты белгісі саналатын осы мемлекеттік рәміздердің мерейтойы мысты шаһарда қалай аталып өтеді? Осыны білмек үшін біз бір қатар рухани орталардың басшыларына қоңырау шалған едік. Алғашқы болып хабарласқанымыз Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке МЫРЗАБЕКОВА болды.

МЕРЕЙТОЙ АЙШЫҚТЫ ШАРАЛАРМЕН АСТАСАДЫ

– Мереке Батырбекқызы, мерейтойдың басты шарасы не болмақ?

– Жалпы, мерейтойға орайластырылған шаралар жоспары ауқымды. Оның ең бастысы Әнұранды бір мезетте орындау акциясы. Бұл негізінен Республикалық акция. Оған Жезқазған қаласының мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері де үлес қосатын болады.

Екінші бір ауқымды және басты шара ол – Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған қалалық салтанатты іс-шара. Бұған Жезқазған қаласының жастар ресурстық орталығы мұрындық болып отыр. Дәл осы күні қаланың орталық алаңдары мен көшелерінде патриоттық автошеру өткізілмек.

«Мемлекеттік Рәміздер – ұлт мақтанышы» деген тақырыптағы патриоттық бейнероликтер конкурсы, «Менің туым – менің Отаным» акциясы да мерекенің басты нақыштарының бірі болары сөзсіз.

– Бұл шараларға қаланың ру-

хани орындары да кеңінен қатысатын шығар?

– Әрине. Мемлекеттің басты нышанының мерейтойына, оның ойдағыдай өтуіне осы мемлекетте тұратын әрбір адам, әрбір орта өзіндік үлестерін қосатын болады. Оған әсіресе рухани орындардың қосары мол болайын деп тұр. Соның ішінде қаламыздағы кітапханалар желісінің үлесі зор. Мәселен, №7 кітапхана филиалы «Мемлекеттік Рәміздер – ел мәртебесі», №2 үлгілі кітапхана филиалы «Рухты асқақтар рәміздер» патриоттық сағаттарын өткізсе, балалар мен жасөспірімдер кітапханасы «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы» деген тақырыпта танымдық кеш өткізбек.

Мұндай айшықты шаралардан Жезқазған қаласының тарихи-археологиялық музейі де қалыс қалып отырмай жок. Олар «Мемлекеттік рәміздер – еліміздің нышаны» деген тақырыпта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздер күніне арналған интерактивті экскурсия ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

– Ауылдағы ағайындарға қандай қызықты тақырыптар ұсынабақсыздар?

– Бұл шаралар да мерейтой жоспарында көзделіп отыр. Атап айтқанда, Кеңгір селосындағы №5 үлгілі кітапхана филиалы өз оқырмандарына «Еліміздің мақтанышы рәміздер» деген тақырыпта көрме-лото дайындаса, Талап селосындағы №6 кітапхана филиалы «Рәміздер-тәуелсіздік айғағы» деген тақырыпта поэзия сағатын өткізбек. Ал, Қорғанбай ауылындағы ауыл клубында «Ел Рәміздері – елдігіміздің реңі, теңдігіміздің тірегі» деген тақырыпта елтану сағатын жоспарлап қойды.

Теректі станциясындағы №3 кітапхана филиалы «Мемлекеттік рәміздерге құрмет – азаматтық міндет» тақырыбында өз оқырмандарын тарихқа саяхат жасатады. Ал, Малшыбай ауылының оқырмандары осындағы №4 кітапхана филиалы ұйымдастырған «Ел рәміздері – ел рухы» деген тақырыптағы елтану сағатын тамашалайды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты М. Әуезов атындағы кітапхана филиалында да мемлекеттік рәміздер мерейтойына арналған айшықты шаралар өткізіліп жатыр.

Жуырда аталмыш филиалдың кітапханашылары жастар ресурстық орталығы мен «Бірлік» еріктілер клубының мүшелерімен бірігіп ауқымды шара өткізді.

Іс-шараға қатысушылар мемлекеттік әнұранды шырқап, «Рәміздер – Тәуелсіздік тұмары» атты көрмені тамашалады.

Көрмеге еліміздің мемлекеттік Туы, Елтаңбамыз, Әнұранымыз жайлы кітаптар қойылды.

Көрмені кітапханашы А.Жәнібекова таныстырып, QR код таңбасы қойылған кітаптарға кеңінен тоқталды.

Шараға жастар да белсене қатысып, Елтаңбаға, Туға, Әнұранға сипаттама берді.

2022 жылдың 5 маусымы еліміздің тарихи оқиғаларының күнтізбесінде лайықты орын алады, себебі бұл күні Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша референдум өтеді.



Аймақтық «Saryarqa» газетінің өткен аптадағы №20 (8283) санында жерлесіміз, Ұлытаудың қайсар қызы, қоғам қайраткері, Қарағанды облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі Майра Әбдірахманованың «Саяси жүйе үлкен өзгеріс алдында тұр» деген тақырыптағы сұхбаты жарияланды. Осы сұхбатты оқып шыққаннан кейін мен де өз ойымды білдіргенді жөн көрдім.

РЕФЕРЕНДУМ – ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев референдумға қатысты өзінің үндеуінде бүкіл прогрессивті әлемде бұл тікелей демократияның ең айқын құралдарының бірі екенін, сонымен қатар, «мұндай ауқымды өзгерістер халықтың еркі негізінде жүзеге асырылуы тиіс», – деп түсіндіреді. Бұл шешім – Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің басталғанын айғақтайтын тарихи оқиға. Мемлекет басшысының: «Менің мақсатым – халыққа көбірек еркіндік беру, демократия мен заң үстемдігін нығайту», – деп атап өтуі, қоғамның мемлекеттік билікке деген сенімін нығайтуға тың серпін бергені анық.

Ата Заңға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар – басқарудың «суперпрезиденттік» түрінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар Президенттік Республикаға көшудің жаңа кезеңі. Демек, осы саяси реформа Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы шешімді қадамы болмақ. Қазақстан халқы өзінің дұрыс тарихи таңдауын жасап, демократия мен заң үстемдігі нығайтылған Ата Заңымызға қолдау білдіруі керек.

Конституцияға енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар дер кезінде қарастырылған өзекті мәселе болып отыр. Ата Заңда өзгертілген баптар келеңсіздіктердің кем-кетігін толықтырып, халықтың мүддесіне ыңғайластырылған.

Светлана ЖУМКИНА, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты.



Сұхбатқа негізінен Алматы қаласындағы қоғам белсенділерінің референдум уақытын үш ай мерзімге шегіндіру мақсатындағы үндеуі арқау болған екен. Майра қарындасым бұл мәселені орынсыз дей отырып, Конституцияға енгізілген өзгерістердің бәрі әбден пісіп, жетілген мәселелер екенін айтады. Мен де соны қолдаймын. Менің ойымша, референдум осы белгіленген уақытында өтуі керек. «Екінші республика» құру үшін мұндай жалпыхалықтық шара қажет. Әділетті мемлекет құру батыл өзгерістерден басталады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл ісі – сол батыл қадамдардың басы. Біз осыны халыққа түсіндіру арқылы Жаңа Қазақстан құруға ел болып атсалысуға шақыруымыз қажет. Өкінішке орай, кейбір азаматтар бұл саяси үрдістің уақытылы, әрі сапалы өтуіне аса ынтылы емес сияқты көрінеді. Референдумді кейінге шегіндіру – соның айғағы. Біз қазір осы басталған істі дер уақытында аяғына жеткізіп, оның жемісін ел көретін жағдайға әкелуіміз қажет. Елдің қазіргі билікке деген сенімі жоғалды. Бүгінде билік пен халықтың арасы ажырап кетті. Коррупция, ұрлық, өтірік, әділет-

«ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

НЕМЕСЕ БӘРІ БАТЫЛ ӨЗГЕРІСТЕН БАСТАЛАДЫ»

сіздік әлеуметтік салада да, саяси салада да, экономикада да байқалады. Бұл халық үшін «ауруға» айналды. Біз 30 жыл бойына көзімізді жұмып, үндемей келгенімізді мойындаймыз. Өзімізді, баламызды қорғап үндемедік, батылымыз жетпеді. Ал, қазір әділетті мемлекет құру үшін көп нәрсені өзгертуіміз керек. Жаңа мемлекет құру негізгі мәселе болғандықтан, сол бастаманы жүзеге асыру үшін халық шоғырлануы тиіс. Бәріміздің ойымыз бірдей: «Болашақ Қазақстан қандай болмақ?» Саяси ахуал, экономикалық қиындықтар, өзге де сын-қатерлер бар қазір. Осылардың барлығынан шығатын жол – біртұтас мемлекет болу. Түрлі этнос өкілдерінің де осы мүддеде болғаны жөн. Басымызға іс түсіп, қиындыққа кезіккен сәтте бірге жұмылсақ қана нәтижеге жетеміз.

Тағы бір мәселе – тіл тақырыбы. Осы бағытта да бір арнаға тоғысу – ортақ талап. Мұны ең әуелі өзімізден бастауымыз керек. Тілдің қадірін кетіріп жүрген біреу емес, өзіміз. Жиналыста болсын, үйде болсын, көшеде болсын бізге қазақша сөйлем деп отырған ешкім жоқ. Қазір тіл мәселесін көтеріп жүрген көптеген азаматтарды жақсы білемін, танимын. Солардың өзінің балалары, немерелері орысша сөйлеп жүр. Ендеше, ол азамат әуелі өзінен бастасын, отбасын қазақшаласын. Бұл жерде ұлт, тәрбие мәселесі де бар. Баланы 5 жасқа дейін қазақ тілінде оқытып, тәрбиелеу керек. Қазіргі адамдардың ойлау қабілетінің өзі орысша болып кетті.

Белсенділердің «Президент құзіреті азайып, парламент күшейді дегенге күмәндіміз», – дегендері де бос сөз. Бұған дейін

Президент барлығын өзіне алып, Үкіметтің атқарушы орган ретінде халықтың, мемлекеттің алдында да ешқандай жауапкершілігі болған жоқ. Өкілетті мемлекет заң шығарумен айналысып, заңды Парламентке береді. Сенатта қаралып, талқыланады да, Мәжіліске береді. Ендігі жерде Сенат функциясынан заңды қарауды алып тастап, тек мақұлдау туралы ғана қалдырып отыр. Демек, Президент пен атқарушы билік арасындағы ара жік айырылады. Сондықтан, мемлекет басшысы қойып отырған мәселе өте үлкен. Президент саяси, стратегиялық мәселелермен айналысуы керек. Мемлекет оны атқаруға жауапты болуына өкілеттік береді. Жалпы түйіні халықтың шешім қабылдауына жағдай жасалып отыр. Мәселен, атом электр станциясы салына ма, жоқ па, оны да халықтан сұрап, шешім қабылданыуы керек. Мемлекет – халық үшін. Халық өз елінде тұрып, өз елін мақтан тұтуы керек. Ол үшін әр азаматтың жағдайы жақсы болуы керек. Ең бастысы – осыны шешу. Адамның санасын көтеретін де осы критерийлер.

Қысқасы, Қазақстан біреу және ол тек бізге керек. Сондықтан, жұмылуымыз керек. Референдум керек, ол сөзсіз. Бұл саяси шараға қатысып, «иә» немесе «жоқ» деген таңдау жасау халықтың ішінде тұнып тұрған көптеген мәселелердің оң шешілуіне ықпал етеді.

Шахмет УМБЕТОВ, Ұлытау аудандық мәслихатының төрт шақырылымының депутаты, мемлекеттік қызмет саласының ардагері.



АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ

ҰЛТТЫҢ ТІЛІН ҚҰРМЕТ ТҰТЫҢЫЗ!

Қазақстан – бай тарихы, ұлан-байтақ жері бар және Мағжан ақын айтпақшы, «таза, терең, өткір, күшті, кең тілі» бар мемлекет. Десек те, соңғы кездері сол мемлекеттік тілге қатысты әңгіме көп айтылып жүр. Тіпті Конституциядағы тілге қатысты бапқа да өзгеріс енгізу керек дегенді көп көтере бастады ел. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Менің айтпағым, тіл тазалығы жайлы болмақ.

Қазақ тілі – қазақ тұрмысының айнасы, халық өмірінің көрінісі, сондықтан өзін-өзі сыйлайтын әрбір қазақ өз тілін сақтауға міндетті. Айтар ауызға және тыңдар құлаққа алғашында «тілді сақтау» дегеннің еш қиындығы жоқ сияқты көрінеді. Тілді сақтау үшін ешкімнен адамның мүмкіндігінен тыс ештеңе талап етілмейді. Тілдің ережелерін сақтап, қазақ тілінде сөйлесе, оны тиянақты және ден қойып менгерсе болғаны.

Күн өткен сайын қарыштап дамып, түрленген тілдің ұлттық сипатына басым көңіл бөл-

ген дұрыс. Жаңа заттардың пайда болуына сай тілімізге енетін жаңа ұғымдар мен шет тілдерден енетін сөздерге сақ болғанмыз жөн. Әңгіме, қазіргі таңда көптеген жаңа сөздердің, яғни, неологизмдердің тілімізді шұбарлауында болып отыр. Басқаша айтсақ, «өтен сөзбен былғанды сөз арасы».

Мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушыларға қазақ тілін оқытуда ережелер кең түсіндіріледі. Дегенмен оған жастар ерекше мән бере ме? Гәп осында. Болашақтың кілтін қолына сеніп тапсыратын жас ұрпақ, адал сөйлеп, түзу жүріңіз! Көркем ойлап, көрікті сөйлеңіз! Ұлттың тарихы мен тілін, салты мен танымын құрмет тұтыңыз! Себебі, Ахмет Байтұрсынұовтың тілімен айтқанда, «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады».

Шәйза ЕСЕНТАЕВА,
ардагер ұстаз.

КОММУНАЛДЫҚ САЛА

ҚҰБЫРЛАР НЕ ҮШІН ТАРТЫЛДЫ?

Жаз шығып, айнала жасыл желекке оранды. Көзге де, көңілге де қуаныш ұялатады бұл көрініс. Бірақ, сол жасыл желектер мен қызылды-жасылды гүлдердің сұмыры көпке бармай ма деп қорқасың. Өйткені суару жұмысы мейісіз...



Бұл Сәтбаев қаласында қалыпты жағдайға айналған мәселе. Жылда гүл мен ағаш көшеттері егілетін аймақтарға құбырлар тартылып, оған қыруар қаржы жұмсалып жатады. Бірақ, жеме-жемге келгенде сол құбырлар іске жарамсыз болып жататынын қайтерсіз. Іске жарамсыз деп отырғаным, құбыр тартылған жерлерді «Водо-воз» машинамен суарып жүргендері. Сонда құбыр не үшін тартылды?

Мына суретте қаланың ең сәулетті деген ауданы – «Нұрлы мекен» шағынауданының Абай көшесі жағы бейнеленген. Өздеріңіз көріп отырғандай гүлзарларға арнайы құбы-

рлар тартылып, сусебелгіш құлақ та орнатылған. Бірақ ол бір тамшы да су шығармайды. Гүлді арнайы машинамен суарып жүр.

Бұл бір ғана көрініс. Қаланың осындай бірнеше аумақтары бар. Құбырлар тартылған, бірақ, көкжелектер көлікпен суарылады. Құбырларды тар-

туға кеткен ақшаны айтпағанда көліктің жанар-жағармайына да қаншама қаржы шығын болып жатыр. Оны есептейтін біреу бар ма?!

Ізбасар ОЙБАС,
Сәтбаев қаласының тұрғыны.
Суреттерде: Коиеттер суарғы мен суы жоқ құбырлар.

БІР КЕНТТЕН ЕКІ ХАТ

Монша дегеніміз – адамның салауатты өмір сүруінің бірден-бір кепілі. Моншадан шыққан адамның бір сәтке болса да ойы, жаны, бойы тазарады. Осы орайда моншаның жеке адам үшін, қоғам үшін алатын орны, әлеуметтік мәні өте зор.

МОНША ҮШІН ҚАЛАҒА ШАБЫЛАМЫЗ

жөндемді жұмыс істемеген монша қазір мүлдем тоқтаған. Кенттегі іргелі өндіріс ошағы – фабрика моншаны өз құзырларына алып, жөндеп, іске қосамыз деп еді. Алайда, шаруа тым созылып кетті. Қазір Жезді кентінің жұртшылығы моншаға түсу үшін қанаттас жатқан қос қалаға шабылып жүр. Ол жақтағы моншалар

тым қымбат. Кентімізде тұрмысы төмен адамдар да бар. Осы тұрғыдан келгенде, бізге қоғамдық монша өз ауылымызда болғаны дұрыс-ақ. Ауылда тұратын адамдардың қалаға барып, арзан монша іздеп сабылып жүргені оңай емес.

Жезді кентінің бір топ тұрғындары.

ХАТ ЖАЗДЫМ, ҚАЙРАН БОЛСА...

ЗЕЙНЕТКЕР СТАТУСЫН БЕЛГІЛЕУ ҚАЖЕТ

Қазір елімізде Ата заңымызға референдум өткізу қолға алынып жатыр. Әрине, халыққа деген қолдау барынша мол қамтылатыны белгілі. Сондықтан да халықтың өз заңымызға деген көзқарасын білдіруі құпталық іс. Осы орайда, зейнеткер ретінде, мен де өзімнің пікірімді білдіруді жөн көрдім. Үкімет тарапынан зейнеткерге деген қамқорлық басты орында тұруы керек деп есептеймін. Себебі, 80-100 мың теңге зейнетақы алатын (төмені де бар) зейнеткерлер алдымен коммуналдық төлемнен бастайды. Сосын аяндап дәріханаға келесіз. Осы екі ортада зейнетақының 30-40 мыңы жоқ болады. Жақсы тамақ жегің келетіні, әрине, түсінікті. Ол үшін қалтаныздағы тиының жетпейтіні және

белгілі. Сосын арзанқолдау, маңызы төмен тамақ алуға тура келеді. Нанға май жағып жегің келсе, етті ұмытасың. Ет жегің келсе...

Баға деген ешкімге бағынбайтын сотқар болып тұр. Менің ойым айтады: зейнеткерлерге деп арзандатылған жеке дүкен, дәріхана ашса деп. Айналайын үкіметім, әкімдерім зейнеткерлерді қатты назарда ұстаса екен. Істеген еңбектің зейнетін көруге, Алланың берген өлшеулі өмірін күрсінбей өткізуге жағдай жасалғаны дұрыс қой. Ата заңымызда осындай тақырып қозғалуы тиіс деп ойлаймын.

Нақып ТАБЫНОВ,
еңбек ардагері,
зейнеткер.

ЖАНАЙҚАЙ

ЖАҒДАЙ ҚАШАН ЖАСАЛАДЫ?

Бұл өмірде адам баласының көп баратын жерлерінің бірі – аурухана. Біреуі басы ауырып, балтыры сыздап барады. Енді бірі сол ауруханада жатқан жақынының көңілін сұрауға барады. Сондай, ел көп келіп кететін медициналық мекемелердің бірі – Жезқазған қаласындағы көпсалалы аурухана...

Жуырда «Фейсбук» желісінен «Раха Жездинский» деген лақап атпен жазылған парақшадан осы ауруханаға қатысты бір келеңсіз әңгімені оқып қалдым. Онда жазба авторы аурухана маңындағы автобус аялдамасының ахуалын жазыпты. Жазбаны қаз-қалпында назарларыңызға ұсынып отырмын.



«Бүгін танертең көпсалалы ауруханаға таксимен бардым, қайтарда үнемдей қойяын деп автобус аялдамасына келіп едім, не отыратын, не сүйенетін ештеңе таппадым. Осындайда автобус келе қоюшы ма еді? Амалсыз жолдың ортасына қойылған бетон блокқа барып отырдым. Бұл ауруханаға көп адам келеді. Басым бөлігі сау адам емес! Бұл жөнінде бұрын да жазғанмын. Құлаққа ілген бір жан жоқ! Сұрайтыным, әкім бол, жол жөндейтін мердігер бол, осы аурухананың басшысы бол, осы жерге ең құрығанда бір орындық, не болмаса бір бетон блок қойсаңыздар екен,

құдай үшін!» – деп жазыпты әлгі азамат. Өте орынды қозғалған әңгіме. Бұл бұған дейін де сөз болып жүрген жайт. Бірақ оны ешкім назарларына алып жатқан жоқ. Шын мәнінде ауруханаға жаны қысылып, дертіне дауа іздеп келген жандар қайтарында автобус күтін тұрады. Ал, аялдамада тізе бүгетін орындық жоқ. Онсыз да жаны қысылып тұрған адам «шықпа,

жаным шықпаны» басынан кешеді. Қысқасы аурухана жанындағы аялдаманың жағдайы қашан түзеледі? Осыған жауап беретін бір жан бар ма?!

Жанкелді ТОЙШЫБЕК,
Жезқазған қаласының тұрғыны.

Суретте: Аурухана жанындағы автобус күткен адамдар.

ДАБЫЛ ҚАҒАДЫ



«Темірден болар көліңің, темірден болар өлімің» деген екен бұрындары өткен бір данышпан. Соның айтқаны келіп тұр бүгінде.

Қазір жол-көлік апаты жиі орын алып, соның салдарынан талай адамның өмірі қиылып жатыр...

ШҰҒЫЛ ШАРА КЕРЕК!

Алысқа бармай-ақ, Кенгір селосының өзінде осындай келеңсіз оқиғалар қаншама рет орын алды. Күні кеше ғана осы ауылдың іргесіндегі күре жолдың бойында тағы жол-көлік апаты орын алып, жаяу жүргінші жапа шекті. Құдай сақтап, адам аман қалды. Бұл бийлдің өзінде болып отырған екінші оқиға. Біріншісінде оқиға орнында адам қаза болған еді.

Кенгір ауылы республикалық маңызы бар күре жолдың бойында орналасқан ауыл. Келімді-кетімді адамдар осы жол бойындағы автобус аялдамаларына барып, қалааралық автобуска отырады. Аялдамаларға өту үшін күре жолда ала сызық та салынған. Бірақ, қатты жылдамдыққа келе жатқан жүргізушілер ол сызықты елең қылмай ма, әйтеуір жылына бірнеше жол апаты орын алып жатады. Бұл жолы да

жолдақтың үстіндегі жаяу жүргіншіні автокөлік қағып кетті.

Бұл мәселе облыстық деңгейге дейін көтерілді. Ауыл әкімі облыстық автокөлік жолдары басқармасына хабарласып, шара қолдануды сұраған болатын. Алайда ол жақтағы шенді-шекпенділер бұл жол республикалық маңызды жол болғандықтан ол жерге автокөліктердің жылдамдығына кедергі жасауға болмайтындығын айтып жауап хат жазыпты. Шарасыздықтан елдің шақшадай басы шарадай болып отыр. Мына жағдайға тосқауыл болатын басқадай шара көруге, камера немесе бағдаршам қойғызу үшін не істеп, кімге шағымдануға болады? Бізге шұғыл шара керек!

Дүйсенбек
КЕЛІМАҒАМБЕТОВ,
Кенгір ауылының тұрғыны.

КӨШЕ ШАМЫ ҚАШАН ЖАНАДЫ?

Мына заманда көшеде шам жоқ деп айтудың өзі ұят. Бірақ, сондай жағдайдың орын алып отырғаны да рас. Мысалы, біздің Жезді кентіндегі Сансызбаев көшесінің тұрғындары осындай келеңсіздікті бастан кешіріп отыр.

Мына суретте көрсетілгендей, көше жарықсыз, бағандары сымсыз, ал сымы мынадай болып жинаулы жатыр. Ең қиыны осы көшемен балалар жүреді. Қазір жаз, күн жарық. Бөлендей қорқыныш жоқ. Бірақ қараңғы түсісімен көзе түрткісіз тұңғықта бала тұрмақ, ересектердің өзі әрең жол тауып жүреді. Сабақ кезінде балаларымызды мектептен күтіп алып жүрдік. Бұл жағдай осы қалпында қала бере ме, әлде бір шешімі бола ма екен?!

Бұл жайлы жиындарда айтылып жүр. Бірақ, қорытынды жоқ. Жалпы жарық мәселесі ЖРЭЖ мекемесіне берілді деп жатыр ғой. Күзге дейін көшемізге жарық орнатылса екен дейміз.

Сансызбаев көшесінің тұрғындары.

Суретте: Жарықсыз көшенің сиқы.

Жезді кенті.



ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман Отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туылдаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін WhatsApp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

СТЕПЛАГ АЖАЛ ОРДАСЫ БОЛҒАН

Жезқазған мыс комбинатын тез арада салып бітіру үшін еңбек күші қажеттігінен пайда болған Степлагтың сұмдығы, оның жазықсыз жандарға әкелген зардабы ешқашан тарих бетінен ұмытылмақ емес. Лагерь 1940 жылдың 1 сәуірінен бастап жұмыс істеген. 1942 жылдың басындағы есеп бойынша Дала лагерінде 1830 төңкеріске қарсы қылмысты, 548 бандитизм және кісі өлтіргені үшін жазаланғандар, шекараны рұқсатсыз өткені үшін, армиядан қашқан және әскери қылмысты 108 адам, 9050-і өзге де қылмыстары үшін сотталған тұтқын болыпты.



Сандар дәлелді сөйлегенімен, олардың басым бөлігі – кінәсіз жұмысшылар, колхозшылар, инженерлер, дәрігерлер және НКВД тізімімен құрылысқа, шахталарға еңбек күші керек болғандықтан қамалғандар еді. Соғыстан кейін лагерьдегі 12 мың Кеңес тұтқындарына 8 мыңға жуық соғыста қолға түскен немістер мен жапондықтар келіп қосылды. Лагерь үш негізгі Кеңгір, Жезқазған және Қарсақбай бөлімшелерінен тұрды. Жұмысының ауырлығы, қатаң тәртіп жағынан Степлаг басқа лагерьлерден асып кетті. Бірақ адам төзгісіз ауыр қаржылық еңбек, аштық, жалаңаштық, ауру, мыңдаған адамдардың өлімі тұтқындардың енесін басып, рухын жасыта алмады. КСРО-ның барлық лагерьлеріндегідей, мұнда да зорлық-зомбылыққа, қатаң тәртіпке қарсы наразылық үздіксіз бой көрсетіп отырды. Дала лагерінде көптеген ұлттардың өкілдері болды. Олардың арасында біраз жылдан бері сонау қилы замандарда сырт елдерде қаза тапқан қандастарын іздестіріп жүрген Варшава қаласындағы «Национальный институт памяти» орталығының мамандары мысты шаһарға да ат басын бұрды. Олар осында зерттеу жұмыстарын жүргізуді жолға қойған. Тарихшы Эва Ковальска

бастап келген зерттеу тобының құрамында мұрағатшы Сильвия Курап, археологтар Кшиштоф Миколайчик және Агнешка Войтовска бар.

Степлаг тарихы, жұмысымен кеңінен танысуға мүмкіндік алған шетелдік мамандармен бірге Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде дөңгелек үстел өтті.

– Дала лагеріндегі тұтқындар жағдайының аса ауыр болғандығынан хабардармыз. Варшава қаласында институт жанындағы музейде сол бір ауыр кезеңнен хабар беретін біраз жәдігерлер сақталған. Олардың ішінде ең бір жүрекке әсер ететіні – бума кілттер. Әрбір саяси тұтқынның қалтасында кілт болған. Ол – үйінің кілті. Олар өмірлерінің соңына дейін шаңырақтарына аман-есен оралып, үйлеріндегі құлыпты кілтпен ашып кіруді арман еткен. Біздің бұған дейінгі зерттеуіміз бойынша Степлагта 40 поляк қамауда болған. Бірақ олардың сүйектері нақты қай жерге жерленгенін біле алмай отырмыз, – деген Эва ханымға жезқазғандық профессор Тұрғанбек Алланиязов Степлаг құрбандарының зираттарын ашып, жапондар сияқты ДНК сараптамасын жасау қажетін айтты. Дегенмен, кейбір поляк тектерінің орыс немесе белорус ұлтының аты-жөндерімен ұқсас болуы мүмкін екенін тілге тик

еткен Эва Ковальска нақты айғақ табылмайынша, әлдеқашан жер қойнауына кеткен марқұмдардың әруағын құрметтейтіндіктерін, сол себепті олардың тыныштығын алмау қажет деп санайтындығын баса айтты.

Жыны барысында ғалым Тұрғанбек Алланиязов бүгінде мемлекет қарамағындағы нысанға айналған Степлагтың қазіргі жай-күйіне мүлде көңілі толмайтындығын жеткізді. Оның айтуынша, ондаған жыл бойы Степлаг орнында қалған лагерь қабырғалары не мемлекеттік, не облыстық құзырлы органдар басшылығын, не жергілікті жауаптыларды алаңдатпаған. Осыдан бірер жыл бұрын амалы таусылған ол Мәскеумен байланысқа шығып, Степлаг қабырғасын алып кетуді өтінген. Тарихи мекенге ресейліктердің көз алартып отырғанынан хабардар болғаннан кейін ғана облыстағы жауапты басқарма іске кірісіп, қабырға үстіне қалқа орнатқан. Дегенмен, қабырға мен қалқа арасы 2 см ғана болатынын, сапасыз, ойластырылмай салынған дүниеден еш пайда болмай тұрғанына қынжылған Тұрғанбек Алланиязов Жезқазған тарихи-археологиялық музейі басшылығының аталған проблемаға көз жұма қарап отырғанына өкпесін білдірді.

Жауап ретінде өзге мемлекеттерден қаржылай қолдау күтетінін айтқан музей мамандарына профессор біздің мемлекетіміздегі тарихи ескерткіштер өзімізге ғана керек екенін, сыртқа алақан жайып отыра бермей, жүйелі жобаларды жүзеге асыруға ықпал ету қажетін ескертті. Сондай-ақ польшалық қонақтарға өз қандастарын табуға шын ниетті болса, құрғақ сөзге ерік бермей, мәселені мемлекеттік деңгейде көтеруге кеңес берді.

Жыныға кейінірек қала әкімі Қайрат Әбсәттаров та келіп, Польшадан келген зерттеу тобы мүшелерімен жүздесті. Іс-шара соңында қала әкімі меймандарға музей қорына жаңадан шыққан ашаршылық туралы кітаптарды табыстады. Сондай-ақ, қонақтарға естелік кәдесыйларды сыйға тартты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

ТЕАТР

С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған театрында көптен күткен премьеры «Сен және мен» қойылымының тұсауы кесілді. Идея авторы – Ұлан Болатбек, соавтор – Әлішер Рахат, қоюшы-режиссер – Шагуан Үмбетқалиев, sound-designer – Олжас Жақыпбек, қоюшы-суретші – Қуат Дүсенбек.

СЕН ЖӘНЕ МЕН



Басты рөлдегі Қаһан қартты Қазақстанның халық әртісі Досжан Жанботаев сомдады. Қартаң тартып, бойынан күш-қуаты тайған шағында Қартаң үйін мекендеуге мәжбүр болған жандардың аянышты тағдыры суреттелетін қойылымның көрерменге берері мол. Жөндеу жұмыстарына байланысты балалар үйінің тәрбиеленушілері қартаң үйінің қасына көшіп келеді. Алғашында балалардың айқай-шуын жақтыртпаған қартаң кейіннен олармен тіл табысып кетті. Осы тұс оқиға желісі шиеленісіп, Қаһан қарт өзі ренжітіп алған Арман Қаһанов атты баланың немересі екенін ұғынып, қашудың амалын жасап бағанды. Дегенмен, екі жоспары да сәтсіз аяқталады. Ең соңында жалғыздықтан жабыққан қартаң ішкі түйсігі алдап, Арман оның немересі болмай шығады. Өзге замандастарының кінәсін беттеріне басқан өр, тік мінзді Қаһанның да өмір жолында, бала тәрбиесінде жіберген қателіктері барын айғақтап берген спектакльдегі аға буын өкілдерінің актерлік шеберлігі көпті тәнті етті. Балалар үйінің тәрбиеленушілерін сомдаған жас буын өкілдері де өз образдарын барынша жоғары деңгейде алып шығуға тырысты.

Біздің бұл пікірімізді спектакльді тамашалау үшін мысты шаһарға арнайы атбасын бұрған театртанушы Бейбіт Әлкеева да қосталды. Қазіргі қойылымдар не үлкендерге, не жастарға ғана арналып әзірленетінін, қос тарапты қамтитын дүниелер көп емесін айтқан ол, «Сен және мен» спектакліне жоғары бағасын берді.

– «Сен және меннің» сценарийі кино үшін жазылған болатын. Серке театрының басшысы Досхан Сәкен аталмыш сценарийді спектакль ретінде сахнаға алып шығуға ұсыныс білдірді. Бізде жаңашылдықтан қашқан емеспіз. Осылай бүгінгі қойылым көрерменге жол тартты. Негізінен спектакльдердің қай-қайсысының болмасын дайындығына 3-4 ай уақыт кетеді. Ал біз 20 күн ішінде дайындап шығардық. Бұл – Серке театры әртістерінің кәсібилілігінің арқасы, – деген қойылымның авторы Ұлан Болатбек өнерсүйер жез қала жұртына алғысын білдірді.

Спектакльден соң сахна төріне қала әкімі Қайрат Әбсәттаров көтеріліп, Досжан Жанботаевқа жылы лебізін білдіріп, шапан жапты, қойылым авторы мен режиссеріне Алғыс хаттар табыстады.

Ай СУҒИР.

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мейрамы барлық елде 1950 жылдан бері тойланып келеді. Бұл күні жер-жерде балаларға арналған мәдени шаралар ұйымдастырылып, мерекелік көңіл-күй сыйланады.




Мерекеге орай Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Оған №7 мектептің 2-3 сынып оқушылары қатысты. Мерекелік кеш Ақбота Эркіннің орындауындағы «Бірлігіміз жарасқан» әнімен басталды. Сайкымазақтар келіп, балалармен әр түрлі ойындар ойнап, би билеп, жұмбақтар жасырды. Сайкымазақтар жұмбақтың шешімін тапқан балаларға сыйлық берді. Мерекелік кештің қызықты бір сәті

– «Мен бақытты баламын» атты тілек ағашы болды. Әр бала өзінің бақытының кілтін себебін бір жапырақ қағазға жазып, тілек ағашына ілді.

Іс-шара соңында балаларға балмұздақтар таратылды. Өз кезегінде жеке кәсіпкер Қарлығаш Мейірбекқызы демеушілік танытып, мерекеге сый жасағанын атап өткіміз келеді.

Ж. ДОСЕТОВА,
балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы.



Келесі кезекте сахна төріне «Дидар» телеарнасының директоры Еркебұлан Балмұқанов көтеріліп, наурыз айында ұйымдастырылған «Атадан ақ бата» телебайқауына қатысқан қариялардың есімдерін атады. Халқымыздың бата беру дәстүрін ұрпағына жеткізіп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеген жаңаарқалық Берген Қожамұратов, қарағандылық Сатыбалды Қызыров жә-

«ДИДАРДЫҢ» ЖОБАСЫ БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

Балалар жылы аясында «Дидар» телеарнасында кішкентай көрермендеріне арналған «Телебалапан» және «Таңғы жаттығу» бағдарламалары экранға жол тартқан еді. Наурыз айынан бастап жүздеген баланың қабілетін танып, талабын шыңдаған бағдарламада бүлдіршіндер өлең оқып, ән айтты, неғүртілік қырларын танытты, жаңа достар тапты. Балапандарды қуанышқа кенелткен бағдарлама ұйымдастырушыларына ата-аналардың да айтар алғысы мол.

Мұны 1 маусым – Халықаралық балалар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік концертте біз де байқадық. Концерт «Телебалапан» бағдарламасының гимнімен басталды. Балаларға арналған әннің сөзін ақын Мұқали Сейтқазы, әнін Асхат Жақылық жазған.

не жезқазғандық Қуанышбек Нарбаев, Қадыр Үңгітбаев, Тілеуқабыл Бейісбеков ақсақалдарға Алғыс хаттар мен сый-сияпаттарын ұсынды.

Одан әрі бағдарламалар көрерменге ұсынылған үш ай уақыт ішінде түсірілім тобына қолдау танытқан «Телебалапан» бағдарламасындағы ертегіші атай, Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған казак музыкалы-драма

театрының әртісі Еркеғали Бәйдешов пен Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапароваға, «Шалқыма» өнер академиясының жетекшісі Мақпал Садықова мен «Аэлига» эстрада-би ұжымының жетекшісі Светлана Краусқа, «AdeleStars» балалар шығармашылық студиясының директоры Бану Қабдуалиева, хореографы Әсел Ербосынова мен «Балдырған» балалар хорының жетекшісі Жазира Ерімбетоваға Алғыс хаттарды табыстады. Алғыс арқалағандар қатарында «Шалқыма» музыкалық студиясының жетекшісі Юлия Белохвостова мен оқытушысы Светлана Крылатова, сонымен қатар, «Балауса» балабақшасының тәрбиешісі Мөлдір Барақбаева да бар.

Мерекелік концертте жезқазғандық өнерлі балалар ән айтып, биден шапты. Іс-шара соңында «Телебалапан» және «Таңғы жаттығу» бағдарламаларына қатысып, талантымен дараланған балалардың барлығына кубоктар мен сыйлықтар берілді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.



(Жалғасы.

Басы газеттің №20 (8283) санында).

Қуғыншылар ауылға оралмады, іздеуге шығатын ауыл азаматтары «Мамайды ұстап, сол жақтан ауданға алып кеткен шығар» деп ойлаған олар, баланы іздеуге кірісті. Кекілік тауының бауырындағы «Тұмабұлаққа» таяна бергенде жайылып жүрген екі-үш атты көріп солай қарай жүрді. Бір шұңқырдың жанынан өте бергенде Орманбек, «мұнда келіндер, мынаны қараңдар» деп айқай салды. Бәрі сонда барды. Шұңқырда милициялар үйіліп жатыр. Қару-жарақтары жоқ. «Мамай тірі болды ғой, мыналарды жайратқан сол сабаздың өзі ғой» деді. Бәрі солай ойлады. Өлікті аударып қарап еді, милицияның орыс бастығы мен Мүсілімнің өлігін көрмеді. Олар ебін тауып қашып кеткен ғой, деп ойлады.

– Мына азаматтардың жазығы жоқ қой, бұлар бастықтарының айтқанын істеді. Оны орындамаса жазаланды. Сондықтан да бұлардың бетін жауып кетейік, – деді Мансұр ақсақал. Сөйтін өліктердің бетін

ленерсің. Сен аман бол, бұл Тәңірдің жазуы ғой. Бірақ сенен мұны күтпеген едім» – деді ғой. Ол сені қарғаған жоқ, былапыт сөздер айтқан жоқ. Ағаң адамгершіліктің қандай болатынын көрсетті саған. Шырағым, бастық, мен айтарымды айттым. Мүсілім менің туған күйеу балам. Енді мені тұтқындай беріңіз», – деді.

Мүсілім күдікті деп Аманды, Жүрсінді, Тұрсынды көрсетпекші еді, Мансұр оның сөзін бөліп, ауызына құмды құйып жіберді. Екі-үш милиция оңаша шығып біршама уақыт әңгімелесті. Бір милицияны шақырды. Мансұр ақсақал тани кетті. Жарылқасынды ұстап әкеткен милиция. Бетінде қара қалы бар. Дәл өзі, бірақ ақсақал сыр бермей тұра берді. Аналар бірдене сұраған сайын басын изеп тұр. Басқарып келген адам Мүсілімнің қылмыскер екенін білді. Бірақ, Мамайды ұстағанша тиіспейік, содан кейін мұны жауапқа тарту керек деп шешті. Олар ақсақалдың алдына келіп:

– Қария, Мүсілім үкіметке шын берілген адам. Оның мұндай қылмысқа бармайтынын білеміз. Жарылқасын

Орманға кірерде қуғыншыларды басқарып келген адам екі милицияға Мүсілімді көзден таса етпеуді тапсырды. Бірақ өзінің ұсталатынын білген Мүсілім бұл тапсырмадан бұрын-ақ қашып үлгерген еді. Орманды сүзіп, күрежол жақ шетіне шыққанда алыстан бір ат көрінді. Жапатармағай солай қарай жөнелді. Ат жайбаракат жайылып жүр. Анадай жерде жатқан Мамайды басқарушы көріп, бәрі сонда барды. Оның басын көтеріп:

– Мамыров жолдас, қалайсыз? – деді. – Менің кінәм жоқ, жол... деді де Мамай үзіліп кетті. Ауылдан келгендер егіліп тұрып жылады. Милициялар да түнеріп үнсіз қалды. Ал бастығы Ондасын кәдімгідей жылады. Бір кезде:

– Мүсілім қайда? – деді бастық. Ол жоқ, іздеп таба алмадық, – деді екі милиция.

– Мен сендерге тапсырып едім ғой – деп ақырды.

– Ол сіздің тапсырмаңыздан бұрын қашып үлгеріпті, – деді. – Тез, Мүсілімді іздеп табыңдар, – деп бұйырды. Мен Мамыровты ауылына апарып жерлеуіне қатысам. Сендер Мауба-



жауып, аттарды ұстап, Мамайды іздеуге кіріскелі тұрғанда ауыл жақтан будақтаған шаң көрінді. «Бұлар кім болды екен?» деп ойлады. Сөйткенше болайы 20-ға жуық қару асынған адамдар келіп, қоршап тұра қалды. «Мұнда не істеп жүрсіңдер?» деп қаруларын кезеніп. – Кәне, жауап беріңдер!» – деді. Ортаға Мансұр ақсақал шығып:

– Шырақтарым, кеше халық жауы Мамайды көп адам қуып кетіп еді. Солар ауылға оралмаған соң, біз де барып ұстауға көмектесейік деп шығып едік. Өліп жатқан милиция азаматтарды көріп, олардың бетін жауып, ауылға барып, ауданға хабарлағалы тұр едік» – дейді жорыта.

– Өлген милициялар қайда? Кәне, көрсетіңдер, – дейді. Бәрін ертіп жаңағы шұңқырға алып келді.

– Бұлардың қарулары қайда? – дейді бір дөкейі.

– Білмейміз, осылай жатқан күйінде көрдік. Біз де жаңа келіп тұрмыз – дейді. Жаңағы дөкей:

– Бәрін тұтқындандар, ауданға апарамыз, – дейді.

– Шырағым, біздің жазығымыз не? Халық жауын ұстауға көмекке келгеніміз бе?

– Жарайды, тұтқындандар – дейді. Келгендердің оншақтысы бетперде киген.

– Кәне, тізерлеп отырыңдар! – деп бұйырды. Сол кезде Мүсілім бетпердесін шешіп, жолдас бастық, бұл кісі менің туған атам, бұл кісіге толық сенуіңізге болады, – деді.

– Сонда, осылардың бәріне сенуге бола ма? – деді. Әрине, бірақ күдіктерің... дей бергенде оның сөзін атасы бөліп, «Әй, Мүсілім, шындығына келсең осының ішінде күдікті адам өзіңсің. Сен де халық жауысың. Ағаң Мүсәпірдің қылмысын жабу үшін, оны сотталудан құтқару үшін қылмыс үстінде ұстаған орыс милициясын өлтіріп жібергеніңді мен мына екі көзіммен көрдім. Оған кінәлі деп жала жауып, куәлер дайындап, Отарбайдың жалғыз ұлы Рахымбекті ұстапты жібердің. Өтірік куә еткеніңнің біреуі мына тұрған Ыбырайым. Менің айттып тұрғаным өтірік пе? – деп Ыбырайымға қарап еді, ол бірден «Рас» – деді.

– Шындығына келсек, Мамайға атқан аныңның етін бермеді деп жала жаптың. Ол «ел аштықтан өліп жатқанда ауыл адамдарына бөліп беріп отырған етті саған бере алмаймын дегені үшін, өзінің туысың Жарылқасынды астындағы атын бермегені үшін жала жауып, айдатып жібердің. Оны ұстап әкетіп бара жатқанда «бетің шылып етпей, аға, «Көктұйғынды» мен мінетін болдым ғой. Женгем де өзім не боламын. Жолыңыз болсын!» дедің. Мұны ұстап әкетіп бара жатқан милициялар да естіді. Егер сол азамат қазір милицияда қызмет істеп жүрсе, естігенін айтар. Сонда ағаң саған не дегені есінде болар, «қанымыз бір, жанымыз бөлек бауырым-сың ғой. Атымды мінерсің, қатынды да не-

өз қылмысын мойындап, тиісті жазасын алды. Енді сіз, көпті көрген, бұл жердің ой-шұңқырын білетін ақсақалсыз. Бізге Мамайдың қайда жасырынуы мүмкін екенін айтыңыз, – деді.

– Шырағым, бастық, менің жасым 65-те, осы уақытқа дейін бір ауыз өтірік айттып, біреуге қылдай қиянат жасаған жан емеспін. Мен қашқынның қайда болатынын қайдан білейін? Және менің сөзіме сенетін түрлерің жоқ, – деді.

– Осы шалды тұтқындау керек. Соның қашып кетуіне осы шал көмектескені анық. Өйткені, бұл туған атам болғаннан кейін бұдан сыр жасырмайтынмын. Оны Мамайға айтып «қашып кет» деген ғой, – деді.

– Шырағым, күйеу балам, «Өтіріктің шыңына сен бе, қисынына сен» деген мақал бар. Мен бір айдан астам Атбасар ауданының «Кенарал-үкі» деген жерінен кеше түстен кейін келдім. Ол менен бұрын қашып кеткен. Сонда мен сенің сөзіңді қалай естимін. Мамайды көрсесем оған қалай айтамын? Оны жұрттың бәрі біледі. Жаланы қисынына қарап жапсайшы, – деді. Тағы бірдене дейін деп келе жатыр еді:

– Маубасов аузыңды жап, жаңа ғана «бұл кісіге сенуге болады деп» тұр едің ғой. Енді тұтқында дейсің» – деп тыйып тастады бастық.

– Мына жатқан жазықсыз жандардың өліміне де сен кінәлісің. Мүмкін осыларды өзің өлтірген шығарсың. Мына азаматтар оққа ұшқанда өзің қалай тірі қалдың? – деді Тұрсын. Бұл сөз милицияларды да ойға қалдырды.

– Жауап бер, ана кісінің сұрағына? – деді милицияны басқарып келген адам.

– Мылтық атылып, бір милиция құлап түскенде, мен де құлап түсіп, түн болғанша қимылдамай жаттым. Бір кезде бір адам осылай қарай келе жатқанын байқап, еңбектеп жыраға түсіп, орманға кіріп кеттім. Орманның шетінде өлген милицияның аты жүр екен, соған мініп, қашып кетіп, ауданға хабар бердім, – деді.

– Өтірік, – деді Тұрсын. Дегенмен милициялар оған сенуге болмайтынын түсінді. Бірақ, сыр бермеді.

– Үкіметтің сенімін пайдаланып, елге қиянат жасап жүрсің, өз пайдаңа пайдаланып жүрсің сен, – деп тұрғандар шулап қоя берді. Милицияларды басқарып келген шені жоғары Ондасын Орынбаев деген өте ақылды кісі сияқты.

– Ақсақал, сіз бізге бағыт-бағдар беріңіз, Мамайды ұстасақ, оны бірден жазаламаймыз. Ол бізге істің аққарасын анықтау үшін де керек. Қайдан іздейміз? Ол жараланыпты, өлсе өлігін табуымыз керек қой, көмектесіңіз – деді.

– Қайдан білейін, шырағым. Паналайтын жері осы орманның іші ғой, – деді.

– Онда осы орманды сүзіп шығайық, сіздер көмектесіңіздер, – деді. Сөйтін орманды сүзіп шығуға кірісті.

совты жердің тесігіне кіріп кетсе де ұстап әкеліндер, – деді.

III бөлім

ҚУҒЫНШЫЛАРДЫ АТҚАН КІМ?

Көгедең ауылындағы Кекілік тауының бауырындағы қанды оқиға республиканы дүрліктерді. Москвадан, Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордадан полковник Николай Гразинов бастаған 30 солдатпен комиссия келді. Олар келісімен өлген милицияларды және аттарды тексерді. Тексере келіп Н. Гразинов бұларды Мамай Мамыров атыған. Өйткені ол атса оқ адамның алдыңғы жанынан тиер еді ғой. Ал мыналардың оқ қарақшынан, жауырын ортасынан тиген. Ал Мамыров тек аттарын ғана атқан. Олай дейтініміз оқ аттардың маңдайынан тиген. Мамай аттарын атып, қуғыншыларды жаяу қалдырып құтылып кетуді ойлаған сияқты. Екі аттың оқ құлақ шекесінен тиген. Мамыровты бұлардың өлігіне кінәлі емес деуге толық негіз бар.

– Сонда бұларды кім атқан? – деді солдаттарды басқарып келген майор Петр Виноградов.

– Білмеймін, ол жағы шешуін күтіп тұрған жұмбақ. Мүмкін қуғыншылардың ішінде сатқын, үкіметке қарсы адам болуы да мүмкін. Мүмкін қашып кеткен Маубасов атқан шығар, – деді полковник.

– Жоқ, олай болуы мүмкін емес қой. Өйткені ол Мамыровты ұстауға ынталы адам ғой, – деді майор П. Виноградов.

– Бұған екі түрлі себеп болуы мүмкін. Бірінші – Маубасов, Мамыров ұсталған кезде оның қылмысын ауырату үшін істеу, екінші Мамай ұсталса өзінің қылмыстарының ашылатынын біліп, оның ұсталуына басында мүдделі болғанмен, ойлана келе халықтың оның өзін ұстап беретінін біліп, Мамайдың ұсталуына мүдделі болмай қалған болуы. Сөйтін, ол мыналарды атып өлтіріп, ауданға хабарлауға барған сияқты. Ондағы мақсат – өзін үкіметке берілген адал адам етіп көрсету болған. Осыларды басқарып келген капитанды да, сол сұмырай мерт қылған шығар, – деді Н. Гразинов.

– Мұның бәрі жорамал, мұны жанжақты тексеру керек. Маубасов пен капитанды табу керек. Сонда бұл мәселенің түйінін шешуге септігі тиесі. Бір нәрсе анық, адамдарды Мамыровтың атығаны, – деп сөзін аяқтады полковник.

– Қашқынды іздендер, – деп бұйырды полковник. Солдаттар іздеуге аттанды.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы
(Жалғасы бар).

АЙМАҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҚАРАЖАЛ ҚАЛАСЫ

ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қаражал қаласының әкімі Тілектес Досаевтың төрағалығымен республикалық референдумға дайындық жөнінде кеңес өтті.

Кенеске қалалық мәслихат хатшысы, Қаражал қалалық сайлау комиссиясының төрағасы, қала әкімінің орынбасарлары, кент әкімдері және мекеме басшылары қатысты.

Жиында республикалық референдумға арналған іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері кеңінен сөз болды. Саяси науқанды өткізуге жауапты жетекші тұлғалар атқарылған жұмыстарды жіпке тізіп шықты.

Кездесу соңында аймақ басшысы референдум туралы ақпаратты қала тұрғындарына жеткізу және түсіндіру жағаттың тағы да қадап тапсырды.

– Өңіріміздің әрбір тұрғыны республикалық референдум туралы, Ата Заңымызға қандай түрдегі ұйымдастыру мәселелері туралы хабардар болып, азаматтық ұстанымын білдіріп, дауыс беруге келуі қажет, – деді Тілектес Досаев жиынды қорытындылай келіп.

ҚҰРБАНДАРҒА ҚҰРАН БАҒЫШТАЛДЫ

31 мамыр елімізде Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде аталып өтіп келеді. Бұл күні әр аймақта қаралы жиын өтіп, сол бір зулатты жылдары оңат болған қаностарымызды аза тұтады.

Сондай іс-шара Қаражал тұрғындары бұл күні 1931-1933 жылдары қынадай қырылған ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Қаралы жиынға қатысушылар қазақ тарихындағы қара-

лы күндерді еске алып, кейінгі ұрпақтың есінде жүрсін деген оймен өрелі әңгіме айтты. Осы зулат жылдары халқымыздың саны 3 миллионға азайғаны айтады бір деректер. Елімізде 100 мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болыпты. Бұл сандардың дәлдігін зерделеу келешектің еншісінде.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Ұлытау аудандық филиалының мәжіліс залында «Медиация – дауды шешудің заманауи үлгісі» тақырыбында дөңселек үстел өткізілді.



Іс-шараға Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Қайырбек Алмаз, Ұлытау ауданы мәслихат депутаты Марфуға Абыльдина, Жезқазған қаласы бойынша адвокаттар алқасының меңгерушісі Орынбасар Тастанбаев, Ұлытау ауданы ішкі саясат бөлімінің басшысы Азамат Каренов, Ұлытау селосы бойынша медиаторы Есенғали Абжамалов және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс шараның басты мақсаты – соттарда медиацияны дамытудың оңтайлы әдістері бойынша тәжірибе алмасу болды. Жиынды ашып, жүргізіп отырған кәсіби медиатор Жұлдыз Есмүрзина осы тақырыпта баяндама жасап, жалпы медиацияның пайдасы

жөнінде кеңірек мәлімдеді.

Бұдан кейін аудан әкімінің орынбасары Алмаз Қайырбек аудан бойынша медиация жайында баяндап, осыған қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып, ақпарат беріп өтті.

Жиынға қатысушылар да медиацияның қазіргі қоғамға тиімді жақтарын айттып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Мәселен, Ұлытау селосы бойынша медиаторы Есенғали Абжамалов қазіргі таңда сот ғимараттарында медиатор кабинеттері ашылғанын, ажырасу, алимент өндіру, қарыз өндіру сұрақтары бойынша өте көп азаматтар жүгініп, тиісінше көмек көрсетіліп жатқанын атап көрсетті.

БӨБЕКТЕР

БАЛАБАҚШАМЕН ҚОШТАСТЫ

Аптаның басында «Өркен» бөбекжайында «Қош бол, сүйікті бөбекжайым!» деген тақырыптың мерекелік ертеңгілігі өтті. Осы шара арқылы бөбекжай ұжымы өздерінің 25 бүлдірінін мектеп атты білім кесіміне мінгізді.

Ертеңгілік барысында бөбекжай басшысы мен тәрбиешілері сөз сөйлеп, бөбектерін қима-сықпен шығарып салды.

– Біздің үміт арттар жас өрендеріміздің озат оқушы болатыны болып келіп бөбекжайдан жас өрен болып өскен бүгінгі бүлдіршіндеріміздің қадамдарына нұр жаусын. Егемен қазақ елінің көгіне шығып кун болар, бір туар азаматтар мен азаматшалар болғай, – деген ақжарма тілектерін де жолдады.

Мерекелік шара барысында бөбекжайдың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысатын

ана-аналар Жолдасбек Рашид пен Нуржан Каримов Ұлытау аудандық білім бөлімінің басшысы Бағдат Абдраимовтың Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, «Өркен» бөбекжайының директоры Эльмира Ершуманова «Жылдар бойы бөбекжайдың қоғамдық-шығармашылық жұмыстарына белсене араласқан ата-ана Ернар Дукенбаевты «Жыл ата-анасы» номинациясымен марапаттады.

Іс-шара соңында бөбекжайдың түлектеріне сыйлықтар мен Дипломдар табысталды. Түлектердің ата-аналарына Алғыс хаттар берілді.

Аймақ жаңалықтарымен таныстырған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып саналады. Жаппай қуғын-сүргіннен қазақ халқының зиялы қауымы ғана зардап шеккен жоқ, тіпті қарапайым, момын шаруа адамдардың тағдыры да тәлкекке түсті. Саяси қуғын-сүргін кеңес заманының орнауымен басталды. Кеңес өкіметі орнап, орныққаннан кейін пролетариат диктатурасының мемлекеті өзінің саяси және таптық қарсыластарын жаппай қудалай бастады. Ұлтымыздың бетке ұстар азаматтарымен қоса олардың жарлары, балалары атылды, асылды. Қанқұйлы саясат қазақты қынадай қырды.



АРХИВ

ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ

ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Ал, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады.

Тәуелсіздік жылдары аралығында 146,5 мың күнәсіз жазғырылған отандасмыздың аттары жазылған 14 «Азалы кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еске алу күніне орай жасаған үндеуінде «Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды», – деп саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін мемлекеттік комиссия құруды тапсырды. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығы негізінде мемлекеттік комиссия құрылды. Бұл мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси ақтау болып табылады. Қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау шаралары әлі де жалғасын тауып келеді.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде қуғын-сүргін құрбандары туралы дерек мәліметтерді көрсетілген қор құжаттарынан табуға болады:

№ 143 п Жезді аудандық партия комитетінің қор құжаттары 1923-1991 жылдар аралығын қамтитын, 1893 сақтау бірлігінен тұрады. Аталмыш қордың 1-тізімдемесінің №№ 310, 345 сақтау бірліктерінде түрлі себептермен партиядан шығарылғандардың тізімі берілген. № 362 сақтау бірлігінде (аудандық партия комитеті пленумының хаттамалары, 1938 жыл) халық жауларының ауыл шаруашылығына тигізген зияны көп делінсе, №338 сақтау бірлігінде (*Х аудандық партия конференция хаттамасы, 1937 жыл, 23-28 сәуір*) халық жауларымен күресті күшейту және ұлтшылдармен күрес жүргізу керектігі айтылған. №340 сақтау бірлігінде (аудандық бюро отырысының хаттамасы, 1937 жыл) коммунист Алдамжар Аманжолов халық жауы Мықтыбаевты қолдағаны үшін партиядан шығарылсын деп көрсетілген.

№ 109 п Шет аудандық партия комитетінің қор құжаттары 1933-1991 жылдар аралығын қамтитын, 2463 сақтау бірлігінен тұрады. Құжаттардың көпшілігі араб және латын графикасында болғандықтан мәліметтер аз алынды. Сот шешімдері, партия қатарын тазарту жұмыстары туралы баянхаттар, бақылау комиссиясының шешімдері, ОГПУ анықтамалары, байлардың жойылуы туралы материалдар, партия қатарынан шығарылғандар тізімі, пленум шешімдердің үзінділері мен хаттамалары № 109 п қордың 1-тізімдемесінің №№ 6, 14, 73, 78, 79, 91, 94, 95, 96, 146, 165 сақтау бірліктерінде берілген.

№ 72 п Ақтоғай аудандық партия комитетінің қор құжаттары 1930-1991 жылдар аралығын қамтитын, 2711 сақтау бірлігінен тұрады. № 72 қордың 1-тізімдемесі бойынша №№ 52, 53, 54, 55, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 71, 72, 73, 74-сақтау бірліктеріндегі пленум хаттамалары, аудандық бюро отырысының хаттамалары, баяндамалық жазбалар, партия активтерінің аудандық жиналысының хаттамалары берілген. № 62 сақтау бірлі-

гінде (*Қоңырат аудандық партия комитетінің пленум мүшелері жиналысының хаттамасы, 1937 жыл, 21 маусым*) Басшықұлов, Малдыбаев, Басшықұлова, Әкімовтің партиядан шығарылғаны туралы жазылған. Басшықұлова Қарқаралыда болған Алашордашыл топтың осы аудандағы адамы, қалғандары белсенді серіктестері деп айып тағылып, партиядан шығарылған. №73 сақтау бірлігінде (№ 7 хаттамасында, 1938 жыл, 16 шілде) партия мүшелері Ақберген Ақтатбаев, Байтанат Жедембаев, Жұмабай Момынжанов ұлтшыл, халық жауларымен байланыста болғандықтан, НКВД-мен (ішкі істер бөлімінің халық комиссариты) тұтқындалғандықтан, партия қатарынан шығарылсын деп көрсетілген. Құжаттардың басым көпшілігі латын графикасында берілген.

№ 6 п Жаңаарқа аудандық партия комитетінің қор құжаттары 1929-1991 жылдар аралығын қамтитын, 1732 сақтау бірлігінен тұрады. Қор құжаттарының басым бөлігі араб, латын графикасында берілген. Құжаттардың ішінде назар аударарлық жайт, пленум, конференция, бюро хаттамаларында партия құрамын тазарту деген арнайы мәселе қойылған. Бұл жерде партия мүшесінің бай-қулақтармен, ұлтшылдармен, діни көзқарастағы адамдармен байланысы бар ма, соған қаты назар аударылған.

№ 7 п Балқаш қалалық партия комитетінің қор құжаттары 1930-1991 жылдар аралығын қамтитын, 2918 сақтау бірлігінен тұрады. Қор құжаттарының басым бөлігі латын графикасында берілген. Бұл қор құжаттарында да пленум хаттамалары, аудандық бюро отырысының хаттамалары, баяндамалық жазбалар, партия активтерінің аудандық жиналысының хаттамалары берілген. № 7 п қордың 1-тізімдемесінің 5-сақтау бірлігінде (VI пленум отырысының хаттамасы) халық жауларын партия қатарынан шығару керектігі жазылған, сондай-ақ 6-сақтау бірлігінде Қоңырат руднигінде революцияшыл пікірдегі топтар халық жауы деп партия қатарынан шығарылған.

№ 4 Қарсақбай аудандық атқару комитетінің қор құжаттары 1927-1963 жылдар аралығын қамтитын, 1724 сақтау бірлігінен тұрады. № 4 қордың 1-тізімдемесінің № № 30, 31, 37, 67, 69, 73, 119, 120, 154, 195, 210, 310, 366, 412, 413, 414, 431, 432, 433, 456, 474, 475, 476 сақтау бірлігінде пленум хаттамалары, аудандық бюро отырысының хаттамалары, баяндамалық жазбалар, партия активтерінің аудандық жиналысының хаттамалары берілген. № 4 қордың 1-тізімдемесінің 936-сақтау бірлігінде Қарақұм бандасына қатысқаны үшін жер аударылған Ыдырыс Есіркеповтың баласы Оразбек Әлиев сайлауға қатысу құқығынан айрылып, мүліктері тәркіленіп, колхоздан шығарылсын деп көрсетілген. Аталмыш қордың Қарсақбай аудандық атқару комитетінің бюро отырысы хаттамасының (*№ 3 хаттама, 1937 жыл, 8 қыркүйек*) шешімімен революцияға қарсы ұлттық іс-әрекеттерді қолдап, Сталиндік конституцияға қарсы үгіт жүргізген партия мен халық жаулары Дүйсенбеков, Егізтаев, Есекеев партия қатарынан шығарылсын, ісі НКВД-ға берілсін деп жазылған. Сонымен қоса, 909-сақтау бірлігінде № 4 ауылға қарасты байлар мен кулақтардың тізімі берілсе, № № 932, 933, 934-ші (Әлекеев, Б. Қарсақбаев, Баймырза Наукенбайұлының жеке істерінде) сақтау бірліктерінде сайлауға қатысу құқықтарынан айыру туралы жазылған.

№ 303 Жезқазған облыстық прокуратурасының (1973-1997 ж. ж) қор құжаттарынан да біршама мәліметтер алынды. № 303 қордың 3-тізімдемесінің №№ 18, 21, 26, 28, 33, 39-сақтау бірліктерінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың ақталғандығы туралы анықтамалар берілген. Аталмыш тізімдеменің № 4 сақтау бірлігінде саяси басқарманың Бас бөлімі (ОГПУ), ішкі істер бөлімінің халық комиссариаты (НКВД) «Үштікпен», «Ерекше кеңестермен» қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың ақталғандығы жөніндегі шешімдер жинақталған. №№ 9, 10, 13 сақтау бірліктерінде 1930-1940 және 1950 жылдардың басында қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың істерін қайта қарау туралы есеп карточкалары берілген, сонымен қоса №№ 6,8 сақтау бірліктерінде репрессия құрбандарының ақталғандығы туралы шешімдер, олардың тізімдері берілген.

Архивтегі жеке тектік қор құжаттарынан аталмыш тақырыпты ашуда мына қор иелерінің құжаттары басшылыққа алынды.

Өлкетанушы С. Бүкіровтің № 289 жеке тектік қор құжаттарынан біршама құнды мәліметтер анықталды. Аталмыш қордың 1-тізімдемесінің № 18 сақтау бірлігінде 1937 жылғы 21 маусымда жалған жала құрбаны болған ақын Т. Қалмағанбетов туралы «Тайжан ақын» мақаласы, № 175 сақтау бірлігінде Тайжан ақынның түрмеден жазған өлеңдері, ал № 22 сақтау бірлігінде аға сұлтан Ерден Сандыбайұлының інісі Қасен Қасқабаетын ақталғандығы туралы анықтамасы, № 133 сақтау бірлігінде Жезқазған облысы бойынша 1930-1940 және 1950 жылдары негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған, кейіннен ақталған тұлғалардың тізімі берілген, сондай-ақ Ресей жерінен жер аударылған революционер И. В. Деевтің өмірі мен қызметі туралы құжаттар жинақталған.

№ 655 жеке тектік қор иесі Жәнібек Әбдівайтін қор құжаттарында негізсіз жала жабылып, қуғын-сүргін құрбандары болған ұлт зиялысы Зияда Әбеновтің, Шахлияс Батырбеков, Қасен Қасқабаетын ақталғандығы туралы анықтамалар берілген.

№ 568 Хадиша Жуйкованың жеке тектік қор құжаттарының 1-тізімдемесінің № 91 сақтау бірлігінде революционер Тимофей Сапроновтың ақталғандығы туралы анықтама, шешімдері берілген, сондай-ақ № 89 сақтау бірлігінде қуғын-сүргінге ұшыраған Наталья Алексеевна Майшқа қатысты құжаттар жинақталған.

Степал тұтқыны, еріксіз жер аударылып қуғын-сүргінге ұшыраған Игорь Николаевич Пинчуктің құжаттары № 661 жеке тектік қорында сақталған.

ҚР Президенті К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Тарихымыздың ақтандық беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы пайым жоқ. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек», – деген болатын.

Біздің ендігі жердегі борышымыз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау. Бұл күні тек қуғын-сүргін құрбандарының туған-туыстары ғана емес, бүкіл ел бабалар рухына тағзым етеді. Кейінгі ұрпақ Тәуелсіздік тұғырын қалаған боздақтарын ұмытпауы тиіс. Біздің жүрегімізде жазықсыз жапа шеккен, қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдері, отбасылары мен туған-туыстарының есімдері мәңгілікке қалады.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Жастарды жұмысқа тартуға арналған жаңа жоба іске қосылды

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ және Eurasian Resources Group компаниялар тобымен бірге «Жастарды жұмысқа орналастыру» бірлескен жобасын іске қосты, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

Жоба бойынша 35 жасқа дейінгі азаматтарға 10 мың жұмыс орны ұсынылады. Мамырдан бастап Enbek.kz электрондық еңбек биржасында кез келген адам ERG компаниялар тобынан өзіне жұмыс таба алады.

«Enbek.kz» порталының басты бетінде баннер орналасқан. Оны басу арқылы жұмыс іздеушілер ERG тобындағы компаниялардың HR-қызметтері орналастырған бос жұмыс орындарының тізімімен таныса алады» делінген хабарламада. Жоба аясында 346 бос жұмыс орны ашылды: техникалық не медициналық біліктілікті қажет ететін арнайы білімі жоқ адамдарға арналған бос жұмыс орындар да бар.

Мүгедек баласы бар ата-аналарға қосымша еңбек демалысы берілетін болды

Елімізде мүгедек балалары бар ата-аналарға ақысы төленетін қосымша еңбек демалысын беруді көздейтін заңнамалық түзетулер қарастырылуда. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың Мәжіліс депутаттары сауалына берген жауабында айтты, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

«Еңбек кодексінің 89-бабына сәйкес, жұмысшылармен еңбек, ұжымдық келісімшартпен қосымша ақысы төленетін жылсайынғы еңбек демалысы белгіленуі мүмкін. Осылайша, мүгедек бала тәрбиелеп отырған жұмысшыға ақысы төленетін қосымша еңбек демалысын беру мәселесін тараптар еңбек, ұжымдық келісімшарт аясында шешсе алады», – деді Үкімет басшысының орынбасары жауабында.

Оның атап өтуінше, бұл мәселе өте өзекті. Сондықтан, ол жұмыс берушілермен және «Атамекен» ҰКП-мен бірге заңнаманы жетілдіру, Әлеуметтік кодекс әзірлеу аясында қаралатын болады.

«Бұған қоса, бүгінде Үкімет, жұмысшылардың республикалық бірлестігі және жұмыс берушілер арасындағы бас келісім жүзеге асырылып жатыр. Онда келісім және ұжымдық келісімшарт аясында әйелдердің, жастар мен мүгедектердің негізгі құқықтары мен бейнесін жүзеге асыруға жұмыс берушінің жағдай жасау көзделген», – деді Ералы Тоғжанов.

Әскери қызметкерлердің зейнет жасы бес жылға дейін ұзартылды

Қазақстан Республикасында әскери қызметкерлердің зейнет жасы бес жылға дейін ұзартылды. Бұл туралы онлайн брифингте Қорғаныс министрлігі мәлімдеді, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

«Әскери қызметкерлер мемлекеттік бюджет есебінен ынтымақты зейнетақыға көшеді, зейнет жасы да бес жылға дейін ұлғайтылады», – деп хабарлады онлайн брифингте Қорғаныс министрлігі Зейнетақы орталығының бастығы, полковник Қайыржан Бимолдин.

«Адырна» ұлттық порталынан.

Қазына

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС, САЛТ-ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫП БЕТІ

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

ҰМЫТ БОЛА БАСТАҒАН ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮРЛЕР

Көпшілік адамдар халқымыздың қасырлар бойы ұстанып келе жатқан асыл дәстүрлерін білсе де, оларды күнделікті өмірде мүлдем қолданбайды. Сондықтан да біз қолданыстан шығып қалған дәстүрлердің кейбірін еске алуды жөн санадық.

ЕРУЛІК

Ерулік — бұл жана қонысқа көшіп келгендерді үйге шақыру дәстүрі. Жаңа көшіп келгендердің тосырмамай, өздеріне тез үйреніп кетуі үшін жасалатын ырым. Ерулік көршілердің арасын жақындастырады. Шақырушы тарап қонақтарды жылқы етінің ең сүбелі болып есептелетін қазы-қарта, жал-жаясын, сондай-ақ қой етін беріп сыйлайды.

АТ ТЕРГЕУ

Қазақ дәстүрі бойынша әйелдер күйеуінің туыстарының атын атамаған. Бұл сыйластықтың көрінісі. Қазақ әйелі күйеуінің аға және әпкелеріне, ет жақын туыстарына көпшілік жағдайда «мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ак әже», «сырғалым», «шашбаулым» деген сияқты ат қойған.

ҚҰРСАҚ ТОЙ

Құрсақ той, құрсақ шашу — бұл өзінің келінінің аяғы ауыр екендігін білген ене достарын, туыстарын, көрші-қоландарын шақырып, мол дастарқан жаю дәстүрі.

Бұл шараның мақсаты жүкті болған келіннің көңілін аулау. Үлкендер жағы болашақ анаға баталарын берсе, құрбылары, женгелері өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөліседі.

ЖАРЫС ҚАЗАН

Аяғы ауыр әйелдің қиналмай босануы үшін жасалатын ырым. Ырымға сәйкес оның ет жақын туыстары, көпшілігі әйелдер қонақтарға арнап ет асулары керек. Қазанға салынған ет піскенше әйел де босанады деген сенім қалыптасқан.

СҮЙЕК ЖАҢҒЫРТУ

Сүйек жаңғырту дегеніміз құдалықты жалғастыру, яғни бір құда тағы да бір рет құдаласу дәстүрі. Дәстүр қыз бен жігіттің келісімі бойынша жүргізіледі.

АБЫСЫН АСЫ

Бұрынғы кезде қазақ келіндері ерлерінің рұқсатынсыз көңіл көтермеген. Ерлері тойға, айтқа кеткен кезде ауылда тек әйелдер ғана қалған. Осы кезде олар дәмді еттерін асып, самауырына шәйлерін қойып, бастарын бір жерге қосып әзіл-әңгімелерін жарастырған. Бұл қазақ әйелдерінің береке-бірлігін, татулығын арттырған. «Абысын асы» әйелдердің татулықта өмір сүруіне тәрбиелейді.

АСАТУ

Көпшілік аузы дуалы, елге сыйлы ақсақалдар өз қолымен табақтың түбінде қалған асты балаларға берген. Бұрынғы кезде балалар қонақ шақырған үйді айналшықтап жүрген, өйткені оларды кез келген уақытта асқа шақырып қалуы мүмкін. Әйгілі жазушы Сәбит Мұқанов өзінің шығармаларында бұл дәстүрлі насихаттаған болатын.

БОЛМЫС

КӨРШІҢІЗБЕН ТАТУСЫЗ БА?

Қарбалас тірліктің қамымен жүреміз деп өзімізден басқаны ойлауға шамамыз келмей жатады. Қуансақ, қызығымызды бірге бөлісетін, қысылтаяң шақта ауыртыпашылықты бірге көтерісетін, «алыстағы ағайыннан жақын» болатын көрші ақысын ұмыт қалдырып жүрген жоқпыз ба?

Қазақ «Көрші ақысы – төңір ақысы» дейді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында елмен тату-тәтті тіршілік кешіп, жақсы көрші болудың өзі – үлкен сын. Дана халқымыз көршімен татулықты, ауызбіршілікті ұрпақ сабақтастығы ретінде соңынан ерген жас ұрпаққа насихаттап отырған. Бұрын алыстан ат терлетіп ағайын-туыс, сыйлы қонақ келе қалғанда, көршісі амандық-саулық сұрасып, әңгіме-дүкен құрып, үй иесіне қызмет ететін. Осының бәрі жас ұрпақты ел бірлігін сақтауға, салт-дәстүрді санасына сіңіріп, үлкенге құрмет етуге баулитын мектеп болып саналатын.

Ал қазіргі кезде көршімен қарым-қатынас көрінісі өз бейнесін сактай алды ма? Зәулім-зәулім үйлері бар, көршілері бір-бірімен сәлемдеспек түгілі, бірін-бірі танымайтын қаланы айтпағанда, «ауылы аралас, қойы қоралас» жататын ауыл өмірінде де бұл көріністің байқалмай бара жатқаны жаңа батады. Көршісімен болмашы нәрсеге араздасып, күндестік етіп күн кешіп жүргендер де жоқ емес. Бұл әрекет біздің ұлттық болмысымызға сай емес. «Адамның күні адаммен» демекші, қолдан келгенше көршіне жәрдем беріп, ең болмағанда, шырғайлы жүзбен қарсы алып, жылы сөзбен шығарып салудың өзі асқан адамгершілік емес пе?! Бұл іс кез келгеніміздің қолымыздан келері хақ.

Осы жасқа келгенімше өз басым көрші-қоланмен етене араластым. Барымды беріп, жоғымды сұрап, қайғысына басу айтып, қуанышын бірге тойладым. Кеңес заманында көршілер ағайыннан жақын болушы еді. Себебі жырақта жүрген тума-туыс үйіңе жылына бір-екі рет қана келуші еді, ал қасындағы көршің күнде сенің үйіңде. Бүгінгі күні ағайынмен де, көршімен де қарым-қатынасымыз алшақтап бара жатқан тәрізді. Бұл заманның тозғаны ма, әлде адамдардың ауызбіршілігі жоғалып, бір-біріне суып бара жатқаны ма? Әйтеуір ауыл болсын, қала болсын, жаныңа жалау болып, қайғыңа басу айтатын жақындарымыз азайып барады. Тіпті «іштен шыққан шұбар жылан» балаң да сырт айналып кетеді. Осыдан барып қалайша біз ынтымағы жарасқан ел боламыз?! Болашақ ұрпаққа қандай тәрбие береміз? Сондықтан өзімізнен кейінгілерге айтарым – көршілеріңмен, ағайын-туыспен араласып, тату болыңдар. Той-томалақтарда қызмет етіп, кішілік танытып, адамгершіліктеріңді көрсетіңдер! Татулық бар жерде береке бар, ағайын!



ТӘРБИЕ

МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ...

Бойына жат қылықты жұытпай өскен қазақтың қара көздерінің сәл нәрсеге бола шаштасып, жагадан ала жұдырықтасуы көзге үйренішті қарапайым көрініске айналып барады. Бұл ойланатын, ойландыратын нәрсе...

Том-том кітапқа айналған кешегі тарих беттері куә еткендей, табиғаттың өзі тарту еткен нәзіктігімен, тазалығымен, тектілігімен танылған, жөнсіз жекіп, дауыс көтеріп көрмеген қазақ аналарынан туған қыздардың бір-біріне қол көтеруі былай тұрсын, аяғын көтеруі – әдепсіз әдет екені айтпаса да, түсінікті. Әйтсе де, бұл үрдіс бүгінде бұзылып, қыз баладан қылық кетіп барады.

Бұған әлеуметтік желілердегі түрлі жазбалар мен видеолар айқын дәлел. Өне бір жылдары бір мектептің ауласында болған бейнежазба әлеуметтік желілерді шарлап кетіп еді. Онда екі қыз баланың «шаштасып» жатқаны түсірілген. Шамасы мектептегі оқушы қыздар бірі-бірімен өзара сөзге келіп қалғасын, жағдайды жұдырықтың


көмегімен шешпек болған. Қос қызды қоршап алған құрдастарының оларды ажыратуға әлдері жетпеген тәрізді немесе таң-тамаша болысып, таңырқай бақылап тұрған «шоудың» шырқын бұзуға беттемесе керек. Бір-бірін аяусыз соққы астына алған қазақ қыздарына мұндай жауыздық қайдан жолдас болды?

Бәрі батыстық мәдениеттің әлегі. Сол жат дәстүрді миларына сіңіріп өсіп келе жатқан қыздар осындай қылық танытып келеді. Мұның арты жақсылыққа апармасы да түсінікті. Бетін ары қылсын, ертең ел басына күн туса, кешегі Әлия мен Мәншүктің, ұлтшылдықты ұран ете жүріп, қапияда көз жұмған Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджановалардың ерлігін кім қайталайды? Бүгін аузында

ДӘСТҮР

ҰМЫТЫЛМАС ҮРДІСТЕР

Ас беру, табақ тарту, соғым сою – мұның бәрі қазақ халқында ежелден келе жатқан ғұрыптар. Осы ғұрыптар бүгінде өз мәнін жойып бара жатқан секілді...



Қазақ – өте қонақжай халық. Барын балаларына бермей, келетін қонағына сақтайды. Мысалы, соғым сойылса, алдымен, сол соғым сойған адамдарға күндіз қуырдақ, кешке жілікшағар жасап, оларды қонақ етеді. Бұл көршілермен, туған-туыстармен етене араласып, бір-біріне көмек беру мақсатында, сондай-ақ, «тоқтықта өмір сүрейік, тату болайық» деген ниетпен жасалатын ежелден келе жатқан үрдіс. Осындай үрдістердің бірі – шеке беру. Мұнда сол ауылдың ақсақалдарын, үлкен аналарын, көрші-көлем, ағайын-туыстарын шақырып, ата-бабаға бағыштап құран оқытып, шеке береді.

Қазіргі кезде ас беру, қонақ күту, соғым сою тәрізді үрдістердің мәні азайып барады. Себебі жастар салт-дәстүрдің сақталуына көп көңіл бөлмейді. Тіпті қазір табақ тарту тәртібі де бұзылып барады. Кейбір құдайы, тойға барсаң тартылған бас үстел жағалап кетеді. Оны бұзып, елге үлестіруді бүгінгі егде жастағылардың өзі біле бермейді.

Табақ жасаудың өзін көбіміз біле бермейміз. Мүшелері ауысып жатады. Әрине, ауылда өскен соң әрі кішкентайымнан мал сойып жүрген үлкендердің қасында жүргендіктен табақ тарту, шеке ұсыну, мал сою сынды нәрселерді жақсы білемін. Кейін отбасылы болып, ата-ана атанып, қонақ күткенде қай сүйектің кімге, қалай берілетіндігі, ас беру, сыбаға жіберу секілді дәстүрлерді үйрендім.

Ал қазіргі жастар мұндай үрдістерді дұрыс білмейді. Бізді бала кезімізде қолға су құйюды үйрететін, алдымен оң жақтан соғға қарай, құю керектігін қатаң тапсырып, қадағалап отыратын. Бүгінде жас балалар тіпті қолға су да құймайды.

Менің айтамын дегенім, үлкендер салт-дәстүрімізді, арамызда сақталған үрдістерімізді ұмытпай, болашақ ұрпаққа үйретіп, айтып, үлгі етіп отыруы керек. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, болашақ немере-шеберлерімізге ұлттық құндылықтарымызды мұра етіп қалдырайық!

ПАРЫЗ

АЛҒЫС БІЛДІРУ ДЕ ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Рақмет ! Бұл сөзде жан жадырататын ерекше жылылық бар. Бәз біреулер көмек қолын созғанда естініміз осы сөз немесе өзіңнің де айтатын алғашқы алғысың. Кейде асығыстық танытып «қап, рақмет айтуды ұмытып кеттім-ау» деп сан соғып жататын кезіміз де болады...

Жалпы «рақмет» сөзі халқымызға араб тілінен енгенің екінші бірі біле бермейді. Ар-Рахман және Ар-Рахим деген есімдер – Алланың көркем есімдерінің бірі. Қазақша аудармасы «ерекше мейірімді, рақымды» дегенді білдіреді. Құранда «рахман» сөзі 57 рет, ал, «рахим» сөзі 114 рет кездеседі екен. Сондай-ақ рақмет айтқан адамның рақмет іне төкпейсіңсіңей «Сізге де рақмет» деу қажет. Мұсылман ғұламаларының айтуынша, егер сіз біреудің рақмет айтқанына көңіліңіз марқайып, масаттанар болсаңыз, жасаған жақсылығыңыз үшін алатын сауаптан қағыласыз. Оның орнына «өзіңізге де рақмет!» деп рақметін өзіне қайтарып берсеңіз, Алладан алар сауабыңыз мол болмақ.

Бұл орайда қасиетті Құранның мына бір аяты-

на мән берген жөн секілді: «Тамақты жақсы көре тұра міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді. Олар: «Шын мәнінде сендерді Алланың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлеу, алғыс тілемейміз.» (Инан сүресі, 8-9 аяттар).

Міне, күнделікті өмірде жиі пайдаланатын «рақмет» сөзі туралы осылайша ой түюге болады. Алғыс айтар кезде қолданылатын бұл сөздің мән-мағынасы да осы. Ендеше он сегіз мың ғаламды жаратып, жерге мекен еткізген Алла тағалаға рақмет, бізге өмір сыйлаған анамызға рақмет, мына дүрмегі көп дүниеде жақсылық жасауға ұмытылатын жанашырларға рақмет, рақмет, рақмет!!!

Олай болса, бір-бірімізге рақмет айтуды ұмытпайықшы, ағайын!



Бетгі бантаған Ізбасар ОЙБАС.

АЛАБАЖАҚ МАҢДАЙША, СЫРЫ КӨШКЕН ТАҚТАЙША...

Қала көркі әсем ғимараттарымен, абаттандыру жұмыстарының жүйелілігімен өлшенетіні белгілі. Осы тұста дизайн-кодтың болуы аса маңызды. Бұрын-соңды қолданысымызда жиі болмаған бұл сөзбен көп адамдар таныс емес те шығар. Сонымен ол не нәрсе?


Дизайн-код дегеніміз – стильдік біртұтас, ыңғайлы және қауіпсіз қалалық ортаны жобалауға арналған ережелер мен ұсыныстардың жиынтығы. Дизайн-код көбіне ғимараттардың қасбетіне, маңдайшалар мен жарнамаларға, абаттандыруға қатысты болады. Оның Еуропа елдерінде пайда болғанына 30 жылдың жүзі болған. Олардың тәжірибесіне сүйенсек, ғимараттардың қасбеті барынша бірдей дизайнға болуы қажет. Бүкіл көшедегі ғимараттардың түсін 2 немесе 3 түстен әрі асырмайды. Сырттың қаптауға арналған құрылыс материалы да бірдей болады. Олардың алдына егілген жасыл-желектердің өзі бекітілген жобаға сай жүзеге асады. Мысалы, үйеңкі қасына қарағай не болмаса шырша сынды өзге ағаштар егілмейді. Көше бойына бір ғана тал түрі отырғызылады. Сосын алдыңғы кезекте маңдайша жазуларына мән беріледі. Мысалы, біздікіндей аса ашық түстегі баннерлерді мүлде кезіктіре алмайсыз. Көбіне маңдайшаға сол орталықтың аты ғана жазылады. Бірдей қаріп, бірдей дизайн мен түс таңдалады. Көп елдер жарнама мәтініне телефон нөмірін

жазып қоюға рұқсат етпейді. Оның орнына сайт атын жазсаңыз болады. Қаланың сәулет жобасына сай дизайн-код сақталмайтын болса, ғимарат басшысы заң бойынша жауапқа тартылады. Есесіне қалада артық дүниеге, оғаштыққа жол жоқ, барлығы көзге тартымды қалыпта орналасады. Елімізде дизайн-код алғаш рет 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының жобалық кодексі қалалық «Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары» басқармасымен бірге дайындалған болатын. Міне, содан бері өзге қалаларда да дизайн-код тақырыбы қозғалып жүргенімен, нақты жүйеге түспей келеді. Қыста өткен аппарат жиынында Жезқазған қаласының «Сәулет және қала құрылысы» бөлімінің басшысы Қанат Бекжігітов Сейфуллин көшесінің бойында дизайн-код жобасы әзірленіп жатқанын айтқан еді. «Шаруа» базары мен негізгі сауда орталықтары, жайма базар орналасқан бұл көшеде кісі қарасы қалып, адам аяғы толастамайтыны белгілі. Реті сақталмаған ғимараттар, көпкөпестерлі үй астындағы дүкендер,

дәріханалар, асханалар, оларға қалай болса солай ілінген жарнамалар көзге әдемі көрінбейтіні рас. Бұл көшедегі тазалық жайын тілге тиек етудің өзі артық. Ығы-жығы тіршілік қайнап жатқан Сейфуллин көшесінде дизайн-код пайда болатынын естіп, біршама қуанып қалып едік. Өйткенмен, күн жылынғалы бұл көше бойынан дизайн-код түгілі, қандай да бір абаттандыру, жанару жұмыстарын байқамадық. Әр кәсіпкер жеке меншікке тиесілі ғимаратын өзінше сәндеп әлек болуда. Әлек болмақ түгілі ғимараттың ең болмаса қасбетінің кейпіне бір сәт бас қатырмайтындары қаншама?! Кәсіпкерге жұмысының жүргені ғана маңызды. Оған қоса биік таңғам, дизайнерлік шеберлік, түс үйлесімділігін анықтайтын қасиет кез келген кәсіпкерде болуы шарт емес те шығар. Неде болса, қала сәулетіне жауапты құзырлы мекемелерден қандай да бір қозғалыс байқамаған соң, қалалық «Сәулет және қала құрылысы» бөлімінің басшысы Қанат Бекжігітовтің өзімен байланысқа шығып, өткенде «әдемілеп» айтып берген дизайн-код мәселесі қалай жүріп жатқанын сұра-



ды. Әрине, жауап біз күткендей болды. Облыс мәртебесін алғандықтан, аталған жоба тоқтағанын, енді алдағы уақытта құрылыс облыстық басқарма жоспарына сүйене жұмыс істемек нитетте екенін айтқан Қанат Қайратұлы болашақта бұл сұрағымызға көңіл қуанарлықтай жауап алуымыз мүмкін екенін жеткізді. Иә, жанадан құрылатын жауапты мекеме мамандары облыстық орталығының сәулетіне қатысты жаңа жоспар құратыны анық. Сол кезде бұған дейін біраз қазалған қаланың бас көшесі емес «базар көшесіне» айналған Алаш даңғылынан бастап бірегей тәртіп орнатылып, мысты шаһардың келбеті көрсек көз қы-



зығарлықтай ерекше стильде көріктенді деген үміттеміз.
Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

СӨЗТҰСПАЛ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.

| | | | | |
|---------------------------------|-----------------|------------------------------|------------------------------|--|
| 1936 ж. дейінгі Жамбыл қ. атауы | Тали-бандар елі | Биік тау жүйесі | Қарағайдың түрі | • «Қызғанышта көз көп: біреуі – күдік» Токсары. *** • «Тізесі барлар – бүгілер, басы барлар – жүгінер» Күлтегін. *** • «Безбүйректің басқаның дертімен ісі жоқ» Яссауи. |
| Саршұнақтың түрі | Төрт түлік | Өзен жөндігі | | Көзі көк сары мысық |
| Темірді түйетін шебер | Ертесіңнің досы | Ұлытау ауд. ауыл | | |
| Ресей орманы | | Африка тайпасы | | Мыстың формуласы |
| | | «Москвич» маркасы | | Зер Таса жер |
| | Ініден үлкен | | Қоршаған орта Салт-дәстүр | |
| Араққа «тойған» адам | Автомобиль | Биіктеу жер | | Космосқа ұшқан ит |
| Оттың бөлігі | Әдіс, төсіп | | Үлкен өзен Майонез | |
| | | Құнарлы шөп | | Жарық көзі |
| | | Құндыздың баласы | Жеміс | |
| Қойдың ауруы | | | | Қыз есімі |
| | | №1 Космонавт (СССР) Батыр | | Сырт киім түрі Композитор |

Төкен Қанапияұлы ҚАНАПИН

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкiлдiгi және Жезқазған өңiрiнiң медициналық қоғамдастығы денсаулық сақтау ардагерi **Төкен Қанапияұлы ҚАНАПИННЫҢ** қайтыс болуына қатты қайғырады. Біз шынайы ұстазымызды, әрiптесiмiздi және досымызды жоғалттық. Төкен Қанапияұлы Қанапин 1946 жылы 12 наурызда Ұлытау ауданы, Сарлық ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бiтiрдi. Институтты бiтiргеннен кейiн 1971 жылдан 1977 жылға дейiн Жезқазған қаласында дәригер-онколог болып жұмыс iстедi. 1977 жылдан 1996 жылға дейiн Жезқазған облыстық онкологиялық диспансерiнiң бас дәригерi болып қызмет атқарды. 1996 жылдан 2022 жылға дейiн Жезқазған көпсалалы ауруханасында ұйымдастыру-әдiстемелiк бөлімінің меңгерушiсi болып еңбек еттi. 2003 жылдан Жезқазған өңiрiнiң қалалық денсаулық сақтау бөлімі басшысының орынбасары ретiнде мемлекеттік қызметке кiрдi. 2010 жылы зейнеткерлікке шығуына байланысты наркологиялық диспансердiң ұйымдастыру-әдiсте-

мелiк бөлімінің меңгерушiсi болып ауыстырылды. 2013 жылдың маусым айынан бастап «Жезқазған қаласының емханасы» КМҚК-да онколог-дәригер болып 2022 жылға дейiн жұмыс iстедi. Төкен Қанапияұлы дәригер-онколог және жоғары бiлiктi санатты денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы едi. 1981 жылы «Денсаулық сақтау үздiгi» төсбелгiсiмен марапатталған. 2016 жылы «Еңбек ардагерi» төсбелгiсiмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрiнiң, облыстық мәслихаттың, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Төкен Қанапияұлы әрiптестер мен науқастар арасында лайықты беделге және құрметке ие болды. Жұмыс iстеген жылдары бiрнеше онкологтар мен денсаулық сақтау саласы басшыларын тәрбиелеген. Осы аза тұту күндерi Төкен Қанапияұлының жақындары мен туыстарына, оны бiлiп және жақсы көргендердiң барлығына шын қайғыра көңiл айтамыз. Осы жiгерлi және көңiлдi адам туралы жарқын естелiк бiздiң жүрегiмiзде, ал оның есiмi – бiздiң Жезқазған өңiрiнiң тарихында сақталады.

БАСПАСӨЗ-2022

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз. Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы **(87778902258, Жаннур Т.)** «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

*Құрметпен,
аймақтық «SARYARQA»
газетінің редакциясы*



ГАЗЕТТІҢ № 20 (8283) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗТҰСПАЛДЫҢ ЖАУАБЫ:

- Бетпепет. Вира. Барсакелмес. Бактерия. Авангард. Дымка. Ондатр. Сайн. «АК». Ы. На. Қойма. Анод. Анна. Манри. Танк. Мяма. Пыгыра. «ВВ». Найза. А.
- ↕ Бейбарыс. Спартакиада. Ит. Об. Ара. Кинология. Еягн. Су. Трак. «ДТ». Манометр. Рыпакова. Севан. Қырман. Маракана. Май. Адамата. Ова. Ғайып. Ыс. Ық.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти **КАБИЕВА Нурлана Сериккулы**, умершего 06 ноября 2021 года Всем заинтересованным лицам (наследникам) обратиться к нотариусу нотариального округа Карагиндинской области **Мүкшишовой А.Н.** (лицензия №11003452 КРС и ОПП МЮ РК от 29.12.2011 года). Офис расположен по адресу: г. Жезказған, бульвар Ғарышкерлер, 16 «а».

ДҮЙСЕНБІ 6 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Mäsele». 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шоу. Чехия – Испания. 15:25 «Ауылдастар». 16:00 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:30 «Орман иесі». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА ұлттар лигасы. Хорватия – Франция. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Амнезия». 7:00 «Оян!». 10:00 Кино. «Кто вы, господин Ка?». 12:00 Жаңалықтар.

СЕЙСЕНБІ 7 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». (Тенгелер). 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шоу. Хорватия – Франция. 15:25 Д/ф. («Құмарлық құрбаны»). 15:50 «Қазактар». 16:25 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:30 «Орман иесі». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Германия – Англия. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Закон доблести». 7:00 «Оян!».

СӘРСЕНБІ 8 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шоу. Германия – Англия. 15:30 «Ауылдастар». 16:05 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Бельгия – Польша. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Америкенет». 7:00 «Оян!». 10:00 Кино. «Мой грешный ангел». 12:00 Жаңа-

БЕЙСЕНБІ 9 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шоу. Бельгия – Польша. 15:25 «Шаньрақ». (Татар диаспорасы). 15:50 «Ауылдастар». 16:25 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Португалия – Чехия. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Области тьмы». 7:00 «Оян!».

ЖҰМА 10 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шоу. Португалия – Чехия. 15:25 «Мұра». Д/ф. 15:50 «Ауылдастар». 16:15 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidan». 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Австрия – Франция. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «На грани». 7:00 «Оян!». 10:00 Кино. «Рэкетир 2». 12:00 Жаңалықтар. 12:10

СЕНБІ 11 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Көңіл толқыны». 7:55 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:40 «Күй-керуен». 9:15 «Зинһар». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Ән мен өнші». 16:20 «Джафардың қайта оралуы». М/ф. 17:30 «Күй-керуен». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:20 «Mäsele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Әзіл әлемі». 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Нидерланд – Польша. 2:40 «Mäsele». 3:20 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Кино. «Любовь на миллион». 7:00 Т/х мара-

ЖЕКЕСЕНБІ 12 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 6:45 «Мұра». Д/ф. 7:10 «Күміс көмей». 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Сағындырған әндер-ай». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Джафардың қайта оралуы». М/ф. 15:10 Д/ф. («Кантар сабактары»). 15:40 «Жігіттер» тобының концерті. 17:25 «Әйел әлемі». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арта». 20:50 «Атамекен». Ескендір Хасанғалиевті еске алу кеші. 22:35 «Жат мекен». 23:35 «Көңілді тапқырлар алаңы». 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Испания – Чехия. 2:40 «Арта».

12:10 Т/х. «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 Т/х. «Қарлығаш ұя салғанда 2». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Рывок». 18:00 Мегахит. «Закон доблести». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Вторая республика». 20:50 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Тұмар». 22:30 Т/х. «Қарлығаш ұя салғанда 2». 0:00 «Народный контроль». 0:30 Т/х. «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:10 «Кекеш келін». 11:30 «Қызғалдақ». 12:40 «Қорғаныс ханшайым». 13:50 «My love is Aisulu» Х/ф. 15:40 «Рэкетир» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр» т/х. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ».

10:00 Кино. «Рывок». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 Т/х. «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 Т/х. «Қарлығаш ұя салғанда 2». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. «Мой грешный ангел». 18:00 Мегахит. «Америкенет». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Екінші республика». 20:50 «Ерекше бақылауда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Тұмар». 22:30 Т/х. «Рауза». 0:00 Т/х. «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэ бэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Рэкетир 2» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ».

лықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Рэкетир». 18:00 Мегахит. «Области тьмы». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Не Хабар?». 23:30 «Рауза». 0:15 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэ бэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Бикештер». 15:35 «Ликвидатор» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

10:00 Кино. «Рэкетир». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. «Рэкетир 2». 18:00 Мегахит. «На грани». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Рауза». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Бикештер». 15:35 «Бизнесмен» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

«Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Любовь на миллион». 18:00 Мегахит. «Ускоренет». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Рауза». 0:10 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:25 «Эксперістер өзегі» Д/ф. 15:00 «Қағаз кеме». 15:00 «Бикештер». 15:35 «Сказ о розовом Зайце» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

фоны. «Ния ағаш». 8:45 «Әзін-әзі тану». 9:00 Тарих. Тағдыр. Тұлға. 10:00 «Tangy flesh». 10:30 «Ән әлемі». 11:00 Кино. «Менің атым Қожа». 12:45 Т/х марафоны. «Детектив әже». 16:00 Кино. «Боксер». 18:00 Мегахит. «Отель Мумбаи: Противостояние». 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистык расследований. Ближе к делу». 23:30 «Жарай ма!» Ернар Айдар.

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:10 Шанһар. 16:00 «Бизнесмены» Х/ф. 18:00 «Сказ о розовом Зайце» Х/ф. 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:40 «Қағаз кеме». 1:45 «Ду-думан» шоу. 2:50 «Қызғалдақ». 3:30 «Үздік әзілдер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Боксер». 7:00 Т/х марафоны. «Ния ағаш». 8:45 «Самопознание». 9:00 «Жарай ма?» Ернар Айдар. 11:00 Кино. «Менің атым Қожа». 12:45 Т/х марафоны. «Рауза». 16:00 Кино. «Казакское ханство. Золотой трон». 18:00 Мегахит. «Отель Мумбаи: Противостояние». 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Т/х марафоны. «Тұмар».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Ду-думан» шоу. 13:30 «Алдараспан». 18:00 «Өкініш» Х/ф. 20:00 «SарarTimes». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:40 «Өткініш

02:25 «SарarTimes». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Ду-дамайсы?». 07:25 «Сен мықтысың, тек алға». 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 11:00 «Бақыт жолында». 12:20 «Было дело». 13:30 «Ты только верь», мелодрама. 17:30 «Мой мужчина, моя женщина». 19:30 Кешкі Жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Пленница». 23:40 «Ловушка». 01:10 «Наследники», мелодрама. 02:35 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:00-04:30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серт пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Горячая точка». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпеш». 15:20 «Га-

02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Ozat отбасы», ток-шоу. 07:50 Кешкі жаңалықтар. 08:15 «Сен мықтысың, тек алға». 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 11:00 «Бақыт жолында», отандық т/х. 12:30 «Было дело». 13:30 «Ловушка», детектив. 15:20 «Пленница», мелодрама. 17:30 «Мой мужчина, моя женщина», мелодрама. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Пленница», мелодрама. 23:40 «Ловушка», детектив. 01:10 «Наследники», мелодрама. 02:35 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:00-04:30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серт пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Го-

07:05 «Ozat отбасы», ток-шоу. 07:50 Кешкі жаңалықтар. 08:15 «Сен мықтысың, тек алға». 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 11:00 «Бақыт жолында», отандық т/х. 12:30 «Было дело». 13:30 «Ловушка», детектив. 15:20 «Пленница». 17:30 «Мой мужчина, моя женщина», мелодрама. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Пленница». 23:40 «Ловушка». 01:10 «Женские секреты». 02:50 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:20-04:50 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серт пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Горячая точка». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпеш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 «Женский доктор».

КТК

07:05 «Ozat отбасы», ток-шоу. 07:50 Кешкі жаңалықтар. 08:15 «Сен мықтысың, тек алға». 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 11:00 «Доктор Лейла». 12:30 «Было дело». 13:30 «Ловушка». 15:20 «Пленница». 17:30 «Мой мужчина, моя женщина». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Пленница». 23:40 «Ловушка». 01:10 «Женские секреты». 02:50 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:20-04:50 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серт пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Горячая точка». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпеш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 «Женский доктор».

КТК

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серт пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Горячая точка». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпеш». 15:20 «Гадалка». 16:30 «Родком». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Горячая точка». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:30 «Қадам». 23:10 К/ф «Сен қалдырған өмір». 01:20 «Айбат». 02:00 «Студия 7». 02:30 «Гадалка». 03:00 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серт пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Родком». 10:00 Х/с «Женский доктор». 11:00 Телесериал. 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпеш». 15:20 «Га-

КТК

07:05 «КТК» қоржынынан». 07:40 «Судағы із». 08:30 «Көңілді отбасы». 09:25 «КТКweb». 09:50 «Смеяться разрешается». 12:20 «Keic». 16:00 «Өмірдің мәні – махаббат», к/ф. 17:30 «Мерекелік концерт». 18:20 «Ақ бақытым», Ернар Айдардың ән-шашуы. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Любить и верить». 01:30 «Женские секреты». 03:10 «Өмірдің мәні – махаббат», к/ф. 04:10-04:30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 Оян, Qazaqstan Music. 08:00 «Құтты қоңақ». 09:00 «Орелі и решка». 10:00 Док/фильм «The Spirit of...BATYR». 10:40 «Все равно тебя дождусь». 15:00 Реалити-шоу «Моя игра». 15:30

жаңбыр». 02:10 «Өкініш» Х/ф. 03:45 «Қызғалдақ». 04:25 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Ақ бақытым». 10:00 «Юморина». 12:30 «Любить и верить». 16:20 «Өкініш», к/ф. 18:20 «Өндер мен жылдар», ән шашу. 21:00 «Портрет недели». 22:00 «Жизнь взаимно». 23:40 «Женские секреты». 02:20 «Өкініш», к/ф. 04:00-04:30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 Оян, Qazaqstan Music. 08:00 «Құтты қоңақ». 09:00 Шоу «Музыкальная интуиция». 11:00 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 13:00 Х/ф «Праздник впаперти». 14:30 К/ф «Сен қалдырған

далка». 16:30 «Родком». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Горячая точка». 21:30 «Salem, men Nurlan Koynbayev». 22:30 «Қадам». 23:10 «Әкесінің баласы». 00:10 «Айбат». 00:40 «Студия 7». 01:10 «Гадалка». 02:10 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 Танғы жаттығу. 08:05 «Референдум» арнайы шығарылым. 08:35 Документальний фильм. 09:30 Мультифильм. 09:40 Д/ф «Ұлы жазушылар». 10:50 «Долана» К/ф.

Мемлекеттік биліктің иесі де, ең қуатты қозғаушы күші де халық екенін терең түсініп, басшылыққа алған елдер әлемдік дамудың көшін бастап тұр. Ол мемлекеттерді алға бастырып тұрған президенті де, қолайлы табиғаты да, географиялық оңтайлы орналасуы да емес – халқы. Билікке талабын қоя білген, еңбекқорлығы мен талпынысы, жауапкершілігі жоғары азаматтардың ортақ мақсатқа жұмылғанынан мүмкін болып тұрған өрлеу ол!

Елді президент, әкім дамытуы керек деп екі тізгін, бір шылбырды соларға беріп қойып, алға басуды армандауға бейім қазақстандық қоғамда да оң өзгерістердің басталғаны көзге кәдімгідей түсе бастады. Әлеуметтік желілер және басқа да ақпарат алмасу алаңдары бұл үрдіске кең жол ашуда. Ел басшысы Қ.Тоқаевтың саяси реформаларға батыл кіріскені осы құбылыспен тұспа-тұс келгені де нұр үстіне нұр болуда. (Бұл жерде нұр деген сөзге шоши қараудың қажеті жоқ). Азаматтық қоғамның белсенділігінің артқаны түрлі ұлттық шараларды атқаруды өз қолдарына алғандығынан әсіресе анық байқалуда. Солардың қатарында ұлттық кодтың бірі ат спорты, яғни аламан бәйге, аударыспақ, көкпар, қыз қуу, қазақша күрес, көшкар көтерудің бар екенін көріп отырмыз. Ақшаңқай үйлерді төңкерілген тостағандай қатарластыра тігіп тастап, ту биенің еті бүлкілдей қайнап жатқан қара қазанға сүйсіне көз тастап қойып, сары қымызды сапыра құйып отыру көңілді шарықтатқанмен қалтаны арықтататын шаруа. Меймандарды күту мен жүлделерді шотқа салып келіп жіберсеңіз нөлдеріңіз алтаудан асып жығылады. Бірақ, рухы ояңған ұлтқа бұл жағдай кедергі келтіре алмайды екен. Биылғы көктемнен бері Жезқазған – Ұлытау аймағында дүркін-дүркін өтіп жатқан дүбірлі додалар осының айқын дәлелі. Ешкімнің нұсқауына да, қолдауына да зар болмай, мақсаттары да, жігерлері де, қаржылары да тоғыстыра білген жерлестеріміз жасампаздықтың жалауын желбіретуде. Борсенгірде, Шенберде, Қаракеңгірде Егіндіде өткен ұлттық ат спорты додалары бірінен бірі асып түсіп, көрермендерін қызыққа батырып, жас ұрпақтың қызығушылығын арттырып-ақ та-

стады. Көргендердің көзі сүйсініп, көрмегендердің арқасы қозып бір серпіліп қалды аймақ халқы. Бір жежелеген қырға шықсаң арғы жағында одан да биік қыр тұратыны сияқты жарасымды, жасампаз бәсекеге түскен белсенді азаматтар бұл шаралардың деңгейін бірінен бірі асыра көтеруде. Бәрекелді дейтін мұндайда бабаларымыз. Өткен аптада Сарысу ауылында өткен «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» атты ұлттық спорт түрлерінен өткен фестивалдің шоктығы осыған дейін өткен осындай шаралардан биіктеу тұрды десек әділеттілік болар деп ойлаймын. Ауыл маңындағы тақтайдай жазыққа жиырма үш киіз үйді қатарластыра тігіп қойған тойдың салтанаты қазақ баласын магниттей тартқаны анық. Ортаға орнатылған бас сахна да, күреске арналған



ХАЛЫҚТЫҚ БАСТАМАНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ



подиум да, көрермендер үшін дайындаған орындықтар да, бәйге өтетін жердегі белгі-бесендірулер де ұйымдастырушылардың ықыласы мен іскерліктерінен хабар беріп тұрды. «Көптің тілегі хақтың құлағына жетеді» дегеннің дәлеліндей болып тәңертеннен бастап жаңбыр жауа бастаған екен. Сол жаңбыр да асыра сілтемей, шанды басатындай мөлшерде жауған соң тізгінін тарта қойды. Мұны жақсы ырымға балаған сарысулықтардың құлшынысы арта түсті. Жоспарланған шаралар санының көптігіне байланысты салтанаттың ашылуы таңғы сегізге белгіленген екен. Осы уақыттың өзінде жиналған халықтың қарасы қалың болды.

Ашылу салтанатында алғашқы сөзді ауыл әкімі Сәтжан Құрманбаев алып жиналғандарға «Қош келдіңізін» айтты. Одан соң фестивалге арнайы келген Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Мақсұт Оспанов жиналғандарды құттықтай келе, көзделген шаралардың сәтті өтуіне тілектестігін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғысын арнады. Сарысулықтардың атынан сөз алған аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Жамсап Әшенов Сарысу ауылының тарихына шолу жасап, іргелі де берекелі ауылдың өткен табыстарын айта келе, бүгінгі жетістіктеріне де тоқталуды ұмытпады. Осыдан соң ашылу рәсімінің тізгінін қолына ұстап тұрған ақын, журналист Мұқағали Сейтқазы ортаға сәуір айында бокстан республика чемпионы болған сарысулық ұлан Нұрбол Сұлтанбаевты шақырды. Қашанда елдің атын ер шығарады емес пе! Туған жерінің атын алашқа әйгілі еткен ұлдарына деген ауылдастарының ықыласында шек болмады. Чемпионның иығына шапан жабылып, қолына бір миллион теңге ұстатылды. Осылайша шалқып та, толқып та тұрған көпшіліктің алдына енді аты аспандап тұрған жас әнші Қуандық Рақым шақы-

рылды. Несін айта берейін. Мақтанды Сарысу! Шаттанды Сарысу! Шаттықтары шарасын аса төгілді. Қуандықтың да алдына күпшек санды күренді көлденең тартты әкесінің достары. Жарасымды болды бәрі. Толқығаны аққұба жүзінен айқын көрініс берген әнші ініміз бір әннен соң, бір әнді шырката салғанда салтанатқа сән қоса түсті. Ресми ашылу рәсімінің соңында ауыл имамы Әнуар қажы о дүниелік болған ауылдастарының рухына құран бағыштады. Міне, осыдан соң жиналған көпшілік арқаға аты мәлім Досымбай бақсының, Өздікер емшінің тікелей ұрпағы, бүгінде жасы тоқсанға таяп тұрған Түгелбай ақсақалдың батасын алды.

Тойдың дабысы талай жерге жеткені бәйгеге ат қосамын дегендердің Қарағанды облысының аудан, қалаларынан келгені былай тұрсын алыстағы Алматы, Қызылорда сияқты облыстардан да арнайы ат арытып жеткенінен білінді. Күрес пен ат бәйгесі десе ішкен асын дерге қоятын қазекем бір жасады осы тойда. Тай, құнан жарыстарынан соң асыға күткен аламан бәйгенің кезегі келгенде көрерменнің қызық құмар көңілі желді күнгі көлдей толқыды. Күреске де облысымыздың түгелдей дерлік аудан, қалаларынан палуандар жиналып келгені куантты. «Той болса осындай-ақ болсын»-десіп тарасты жиналған жұрт.

Игі бастаманың басшысы да, қосшысы да, атқарушысы да бола білген бір топ азаматтарға да алғыстарын жаудырып, сый-сияпаттарын жасады сарысулықтар. Елдің қазанын қайнатып, қазанатын байлатып, дастарханын жайната білген жастарды да атап өткенді жөн көрдік.

(Өткен спорт түрлерінің жүлдегерлері туралы ақпаратты жеке беріп отырмыз).

САРЫСУ АУЫЛЫНДА ДҮБІРЛІ ТОЙДА ӨТКЕН СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

32 кг екі кір тасын серпе көтеруге 17 спортшы қатысты:

- 1-орын Комаров Александр Қарағанды қаласы, кір тасын көтеруден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, (70 мың)
- 2-орын. Герасименко Роман, Молодёжный кенті, (60 мың)
- 3-орын. Горбачев Илья, Молодёжный кенті, (40 мың)
- 4-орын. Амирбеков Байзақ, Түгіскен ауылы, (30 мың)
- 5-орын. Кукенов Ерденбай. Жезқазған қаласы, (10 мың)

80 кг көшкар көтерудегі сайысқа 42 спортшы қатысты:

- 1-орын. Жезболатов Бауыржан, Жезқазған қаласы, (1 көшкар)
- 2-орын. Тарбаев Олжас, Қарағанды қаласы, (60 мың)
- 3-орын. Кенжебай Даулет, Ұлытау ауданы, (50 мың)
- 4-орын. Аханов Біржан, Жаңаарқа ауданы, (40 мың)
- 5-орын. Герасименко Роман, Молодёжный кенті, (30 мың)

Жаяу жарысқа III спортшы қатысты:

- 1-орын. Әкім Еркебай, Астана қаласы, (тоназытқыш)
- 2-орын. Смағұлов Саят, Қарағанды қаласы, (ұялы телефон)
- 3-орын. Абдрахманов Ардақ, Қарағанды қаласы, (велосипед)
- 4-орын. Ізтілеуов Еламан, Ұлытау ауданы, (40 мың)
- 5-орын. Бірімжан Асылмұрат, Шенбер ауылы, (30 мың)
- 6-орын. Тойлыбек Елікжан, Жәйрем кенті, (20 мың)
- 7-орын. Марат Санжар, Қарқаралы ауданы, (10 мың)
- 8-орын. Аманбай Наурызбек, Қызылжар ауылы, (10 мың)
- 9-орын. Беспәев Дамир, Қарқаралы ауданы, (10 мың)
- 10-орын. Асқар Айтұар, Ералиев ауылы, (10 мың)

Ауыл, аймақ аралық арқан тартысқа 18 команда қатысты:

- 1-орын. Сатпаев қаласы, (100 мың)
- 2-орын. Қосқұдық ауылы, (80 мың)
- 3-орын. Жезқазған қаласы, (60 мың)

Жасөспірімдер арасында қазақша күреске 30 кг салмақта 40 спортшы қатысты:

- 1-орын. Өзбеков Тережан, Жәніс ауылы, (30 мың)
- 2-орын. Досмұханбет Дінмұхамед, Жәніс ауылы, (20 мың)
- 3-орын. Құрман Бейбарыс, Жәніс ауылы, (10 мың)
- 3-орын. Құрман Бекарыс, Жәніс ауылы, (10 мың)

Жасөспірімдер арасында қазақша күреске 45 кг салмақта 26 спортшы қатысты:

- 1-орын. Әбдіманап Дарын, Сарысу ауылы, (50 мың)
- 2-орын. Марал Абылайхан, Түгіскен ауылы, (40 мың)
- 3-орын. Ыдырыс Әжібек, Жәйрем кенті, (20 мың)
- 3-орын. Жаңбырбай Жантөре, Жезқазған қаласы (20 мың)

Жасөспірімдер арасында қазақша күреске 60 кг салмақта 17 спортшы қатысты:

- 1-орын. Бақытов Досымжан, Сарысу ауылы, (50 мың)
- 2-орын. Ақмолдин Мағжан, Жәйрем кенті, (40 мың)
- 3-орын. Әбдіғалиев Мұхамбетәлі, Жезқазған қаласы, (20 мың)
- 3-орын. Жақин Қамшыбай, Жәйрем кенті, (20 мың)

Ересектер арасында қазақша күреске 70 кг салмақта 32 спортшы қатысты:

- 1-орын. Мауленін Әбілқайыр, Жаңаарқа ауданы, (1 қой)
- 2-орын. Бейсембаев Жандос, Сарысу ауылы, (50 мың)
- 3-орын. Қалдыбай Қадіржан, Сарысу ауылы, (40 мың)
- 3-орын. Наукенов Ұлан, Жәйрем кенті, (40 мың)

Ересектер арасында қазақша күреске 80 кг салмақта 32 спортшы қатысты:

- 1-орын. Тергеубек Тәңірберген, Бұхар жырау ауданы, (1 тай)
- 2-орын. Мауленін Әбілқайыр, Жаңаарқа ауданы, (100 мың)
- 3-орын. Алпысбай Марғұлан, Жезқазған қаласы, (50 мың)
- 3-орын. Марат Заңғар, Қарқаралы ауданы, (50 мың)

Түйе палуан атағына 14 спортшы таласып, Ақтық белдесуде Қазақстан барысының күміс жүлдегері Барменов Асылхан өзінің шәкірті әрі бауыры Ғалымов Айдосқа жолын берді. Ғалымов Айдос «Сарысу барысы» атағына ие болды. Жаңаарқалық палуан. Түйе палуанға 1 тай және 150 мың теңге берілді.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:

- 1. Дузбаев Асхат Аманбекұлы.
- 2. Шайхов Ұлықбек Серікұлы.
- 3. Жарқынбеков Даулетияр Шырынбекұлы.
- 4. Бегімбетов Ақжол Ербатырович.

- 5. Рахымжанов Ержан Муханбеталинович.
- 6. Ақшалов Медет Мырзабекұлы.
- 7. Келесов Олжас Әдіхалықұлы.
- 8. Тұңғұшбаев Аспандияр Жұматаевич
- 9. Аубакпиров Еркебұлан Бейсенбекұлы.